The primary W/O emulsion consists of aqueous insulin solution dispersed in an organic phase containing an oil-soluble surfactant, in soybean oil. The most optimal time and pulseregime for all concentrations was established. The primary emulsion is further dispersed into a large volume of an aqueous solution containing oppositely charged natural polyelectrolytes (PE), such as Chitosan and Xanthan complex in order to form a W/O/W double emulsion.

The sizes of droplets correlate with results described in our work [2] where we determined NP formulations that showed low polydispersity index (PdI) ranging from 0.02 to 0.142, and size from 202 to 393 d.nm. This indicates the stability of the obtained emulsions. The droplet diameter of double emulsions was 695 - 1250 nm.

Cumulative release kinetics of insulin from double emulsions stabilized by chitosan based microdroplets was presented in our work (Fig. 1), a PBS (pH 7.4) solution was chosen as the release medium for insulin to allow the establishment of sink conditions for it.




Figure 1. Insulin release profile upon incubation in PBS buffer (pH 7.4) at 37°C.

Insulin-loaded Ch-Xan Gum nanoparticles with improved physicochemical properties with a process yield of 65.6 – 77.5%, and association efficiency of 85.3% were obtained. The release kinetics of insulin was monitored using UV-vis spectroscopy and showed a slow release within 3 hours. Thus, the slow kinetics of the release of the insulin demonstrates the effectiveness of the methodology of encapsulation based on the formation of double emulsions.

The developed microencapsulation approach is straightforward and economic and could be used for the encapsulation of bioactive ingredients for pharmacy, cosmetic and food applications.

BIBLIOGRAPHY

1 A simple method for the formation of water-in-oil-in-water (W/O/W) double emulsions. Zhizhao Che, Teck Neng Wong, Nam-Trung Nguyen. *Microfluidics and Nanofluidics*. January 2017, 21:8.

2 B. Mutaliyeva, D. Grigoriev, G. Madybekova, A. Sharipova, S. Aidarova, A. Saparbekova, R. Miller. Microencapsulation of insulin and its release using w/o/w double emulsion method. *Colloids and Surfaces A: Physicochemical and Engineering Aspects*. Volume 521, 20 May 2017, Pages 147–152.

3 Issues in long-term protein delivery using biodegradable microparticles. Mingli Ye, Sungwon Kim, Kinam Park. *Journal of Controlled Release*. Volume 146, Issue 2, 1 September 2010, Pages 241–260.

4 W. Bao, J. Zhou, J. Lui, D. Wu. PLGA microspheres with high drug loading and high encapsulation efficiency prepared by a novel solvent evaporation technique. *J. Microencapsul.*, 23 (5) (2006), pp. 471–479.

5 Prospects of pharmaceuticals and biopharmaceuticals loaded microparticles prepared by double emulsion technique for controlled delivery. Tapan Kumar Giri, Chhatrapal Choudhary, Ajazuddin, Amit Alexander, Hemant Badwaik, Dulal Krishna Tripathi. *Saudi Pharmaceutical Journal*. Volume 21, Issue 2, April 2013, Pages 125–141.

6A. Schuch, C. Helfenritter, M. Funck, H.P. Schuchmann. Observations on the influence of different biopolymers on coalescence of inner water droplets in W/O/W (water-in-oil-in-water) double emulsions. *Colloids and Surfaces A: Physicochemical and Engineering Aspects*. Volume 475, 20 June 2015, Pages 2–8.

7 K. Pays, et al., Coalescence in surfactant-stabilized double emulsions, *Langmuir* 17 (25) (2001) 7758–7769.

8 Insulin-loaded poly(ϵ -caprolactone) nanoparticles: Efficient, sustained and safe insulin delivery system. De Araújo, T.M.^a, Teixeira, Z.^{bc}, Barbosa-Sampaio, H.C.^d, Rezende, L.F.^d, Boscherio, A.C.^d, Durán, N.^b, Höehr, N.F.^a. *Journal of Biomedical Nanotechnology*

Volume 9, Issue 6, June 2013, Pages 1098–1106.

9 T. Schmidts, et al., Influence of hydrophilic surfactants on the properties of multiple W/O/W emulsions, *J. Colloid Interface Sci.* 338 (1) (2009) 184–192.

МӘДІБЕКОВА Г., МУТАЛИЕВА Б., АЙДАРОВА С., МИЛЛЕР Р.
БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ИНГРЕДИЕНТТЕРДІ ҚОС ЭМУЛЬСИЯЛЫҚ
ӘДІСПЕН С/М/С МИКРОИНКАПСУЛЯЦИЯЛАУ ҮРДІСІН ЗЕРТТЕУ

Бұл жұмыс полиэлектролиттер мен қарама-қарсы зарядталған беттік-белсенді заттар композицияларына негізделген қос эмульсиялық техниканы қолдана отырып, Инсулин сияқты гидрофильді заттарды тиімді инкапсуляциялау үшін биоүйлесімді, биоыдырағыш және наноқұрылымды жүйемен байланысты мәселелерді шешуге арналған.

Кілт сөздер: инсулин, инкапсуляция, қос эмульсиялар, морфология, босату профилі.

МАДЫБЕКОВА Г., МУТАЛИЕВА Б., АЙДАРОВА С., МИЛЛЕР Р.
ИССЛЕДОВАНИЕ МИКРОИНКАПСУЛЯЦИИ БИОЛОГИЧЕСКИ АКТИВНЫХ
ИНГРЕДИЕНТОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МЕТОДА ДВОЙНОЙ ЭМУЛЬСИИ В /
М / В.

Данная работа посвящена решению проблем, связанных с биосовместимой, биоразрушаемой и наноструктурированной системой для эффективного инкапсулирования гидрофильных веществ – таких, как Инсулин с использованием техники двойных эмульсий, основанных на композициях полиэлектролитов и противоположно-заряженных поверхностно-активных веществ.

Ключевые слова: Инсулин, инкапсуляция, двойные эмульсии, морфология, профиль высвобождения.

**ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКА**

УДК 94(574)

**«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ САЯСИ
АЛҒЫ ШАРТТАРЫ**

АЛДАБЕРГЕН М.Н.

Мақалада ҚР Елбасының «Қазақстан – 2050» стратегиясында айтылған Қазақ Елінің ұлттық идеясы «Мәңгілік Ел» идеясының қалыптасуының саяси алғышарттары туралы баяндалады.

***Кілт сөздер:** «Мәңгілік ел» идеясы, Тәуелсіз түркі қағанаты, тюркология ғылымы, қыпшақ этносы қарлұқтар конфедерациясы, оғыздар мемлекеті, қала мәдениеті, еуроцентристік көзқарас т.б.*

Бұрынғы бірнеше ғасыр бойында өзге елге тәуелді болып, құғын – сүргін көріп, азапты тірлік кешкен халқының қолын азаттыққа жеткізіп, өздеріне тән дербес Тәуелсіз Мемлекет орнатып, елін «Мәңгілік Ел» деп атаған тарихқа танылған тұңғыш билеуші «Мәңгілік Ел» идеясын адамзат баласы тарихында жалғанға жер салған, «Мингу Ел» деп тасқа қашап тұрып жазғып кеткен билеушісі Дара тұлға – Туұлы Бұмыны (Момын) қаған еді. Бұл бүкіл адамзат баласы тарихындағы ұлы жаңалық еді. Тәуелсіз түркі қағанаты, Шығыс түрік қағанаты, түркештер, қарлұқтар, оғыздар, кимақтар қағанаттары, Қарахан мемлекеті, қыпшақтар мемлекетінің үлесі мол.[1]

VI – XIII ғғ. Түркі түлдес халықтар негізінде қазіргі Қазақ елінің аумағында мемлекеттіліктің және қазақ ұлтының қалыптасуында екі мемлекеттің тарихи рөлі күшті болды. Оның алғашқысы XI – XIII ғғ – дағы шығыстағы Ертіс өзені жағалауынан бастап батыстағы Еділ өзені жағалауына дейінгі территорияны мекендеген Қыпшақтар мемлекеттік бірлестігі халық болып қалыптасудың орталық, солтүстік, шығыс пен батыс Қазақстандағы ірі орталығы бола отырып, этникалық үдерістер дамуының жаңа кезеңін дамытты. Осы бір тарихи кезеңде қыпшақтар мекендеген этникалық территория қалыптасып ол Қазақ елінің қазіргі аумағының көпшілік бөлігін қамтыды. Бұл кезде лингвистикалық қазақ тілінің негізі – әдеби қыпшақ тілі, қазақтардың өзіне тән антропологиялық бет – пішіні қалыптасты. Қыпшақтар этнос ретінде қазақ халқының шығу тегінде маңызды рөл атқарады.

Тюркология ғылымының өкілдері де «қазақ» терминінің таралу аймағын Шығыс Дешті Қыпшақ даласы мен Мәуреннахр өлкесімен байланыстырады.

Түргеш қағанаты – Түргештер (704-756 жж.) дулы тайпа құрамының ішіне жатады, түргештердің өзі қара және сары түргеш болып бөлінгені белгілі. (Кейбір тарихи деректер бойынша, «сары» және «қара» деген тайпа бөліктері этникалық емес, саяси жағынан қарастырғаны жөн. Демек, Сақал қаған болған кезде түргеш қағанаты екіге бөлініп кетеді. Біреуінде Сақал өзі қаған болған, ал екіншісінде халықты басқарған Сулық. Сақалға бағынатын халықты «сары түргеш», ал Сулыққа бағынған халықты – «қара түргеш» деп атаған.) Түркештер Батыс түрік қағандығындағы бес арыс ел дулаттың белді тайпасы. Түркештер ежелгі үйсін, дулат ұлысының ұрпағы. Шежіре деректерінде «сары үйсін» деп аталады. Түркештер Іле мен Шу өзені аралығында, Іле Алатауынан Балқаш көлінің оңтүстігіне дейінгі өңірде көшіп-қонып жүрген. Бұл өлке мал шаруашылығына қолайлы, құнарлы өріс-қоныс болды. Сонымен қатар отырықшы егіншілік ошағы, біршама көркейген қалалары бар бай өлке еді. Шығыс пен батыс арасындағы сауда-керуен жолының осы өңірді басып өтетін басты бөлігі түркештердің бақылауында болды. Бұл жағдай түркештердің әскери-саяси және шарушылық қуатын арттыра түсті.

Батыс Түрік қағанатындағы өзара тартыстар, Жетісу- да өз үстемдігін орнатуға ұмтылған Қытай императорлық әулетінің әскери- саяси әрекеттері қаған билігінің әлсіреуіне, сөйтіп бірте-бірте тек аты ғана қалуына көбіне-көп себепші болды. «Он жебе» құрамына кірген тайпалардың енді қаған атынан емес, өз туын көтеріп қимыл жасауы жиілей түсті. 694 жылы таққа отырған Ашина Туйцзы тибеттіктермен одақтаса отырып, шығыста қытай әскеріне қарсылық ұйымдастыруға әрекет жасаған кезде, Жетісудың өзінде азғыр Нүзүк-Иркин, түргеш Чықан және ұлық-оқ тай- пасының басшысы бастаған тайпалар Суяб бекінісін қоршауды ұйымдастырған, бірақ шежірешінің сөзіне қарағанда, олар жеңіске жете алмаған. Мұның өзі, шындыққа үйлеспейтін болса керек. Қалаға шабуылдың сәтсіз аяқталуы туралы шежірешінің сөздері өкілдердің мәлімдемесіне ғана негізделген. Әдеттегідей, шайқастың қалай болғанын нақты суреттеп баяндау жоқ, шежіреші тек «женілді» дейді де қояды. Ол былай тұрсын, бұдан кейін бірден аймақтың халқын тыныштандыру үшін түрік Хусэлоның бастауымен қосын ұйымдастырылды (бұлар түріктерден құрылған болуы керек) делінеді. Бірақ жорыққа әзірленіп жатқан кездің өзінде қағанатта жаңа бір күш пайда болады да, мұның қуаттылығы соншалық, Хусэ-ло батысқа жорық жасаудың орнына асығыс түрде тайып тұрады.

Бұл күш Баға-тархан (моге-даған) деген атағы бар Үшлік (Учжилэ) бастаған түргештер болды. Бытыраңқылық және Хусэло қағанның қашып кетуі жағдайында түргештердің көтерілуі күтпеген жерден болған оқиға емес еді. Қағанаттың сол қанатының құрамына кіретін, халқы көп тайпа болған

түргештер VI ғасырда-ақ Шу-Іле қос өзені аралығындағы үлкен аймақты алып жатты және Жетісудағы керуен жолдарының көбі солардың бақылауында болды. Түргештердің ықпалы бірте-бірте күшейе берді, оларға бағынышты тайпалар саны көбейді. Хусэло жеңілместен бұрын-ақ Үшлік өз жерлерінде әрқайсысы 7 мың адамнан 20 түтіктік құрды. [2,500б] Бұрын Шудың солтүстік-батыс жағында болған өз ордасын ол Суябқа көшіріп, оны Үлкен орда деп атады; Күнгіт қаласында оның Кіші ордасы болды. Күнгіт және солай аталатын тайпа Іле өзені аңғарында орналасқан (олар мұнда XI ғасырда да тұрған, мұны Махмуд Қашғари атап көрсеткен). Шежіреде айтылғанындай, батыс түрік жерлері «шығыста солтүстік туцзюйлермен (яғни Шығыс түрік қағанатымен), батыста — хулармен (соғды князьдіктерімен) шектесіп, шығыста тікелей Сичжоу (Тұрфан) және Тинчжоу (Бесбалық) аймақтарына дейінгі жерді алып жатқан». Бұл екі топтың арасы өте-мөте ушығып тұрған болатын. Үстемдік үшін күрестің барысында Іле түргештері Қапаған қаған бастаған шығыс түріктерімен әскери одақ құрды. Олардың арасындағы күрес көріністерінің бірі Ертістен бір түндік жердегі Бөлу Шу өзені бойындағы шайқас болып табылады. Шу түргештері (басқаша айтқанда, сары түргештер) қатты жеңіліске ұшырады, мұның нәтижесінде үстемдік олардың бәсекелестеріне (қара түргештер, бұлар өз ордасын Таласқа көшірді) ауысты. Бұлар қаған тағына қара түргештердің шапыш (чэбиши) тайпасының өкілі Сұлықты (Сулу) отырғызды.

Құжаттар сол кездегі Түргеш қағанатында әлеуметтік өзгерістердің болғанын көрсетеді. «Жаңа Тань тарихында» былай делінген: «Шығындар (аксүйектердің) күн сайын өсіп жатты, ал қор дегенің болған жоқ. Соңғы жылдары ол (қаған) тапшылықты сезіне бастады, сондықтан талап алынған олжаларды бірте-бірте бөліске салмай, өз қолында ұстады. Міне, осы кезде бағыныштылар да одан бөлініп шыға бастады». Дау-жанжалдар қара түргештер мен сары түргештердің билеуші топтары арасындағы күреске ұласты. 738 жылы Сұлық қаған өлген кезден бастап бұл күрес өте-мөте шиеленісе түсті. Шежіреде айтылғандай, Түргеш қағанатында «Сөгенің (Сақалдың) ұрпақтарын сары рулар (сары түргеш) деп, ал Сұлу (Сұлық) ұлысын қара рулар (қара түргеш) деп атайды, (олар) бірімен-бірі жауласады, біріне-бірі сенбейді». Түргеш шонжары шумекен Бекан-Күлүг-шорасының (Фу- Янь-Цюэлю-чо) хатында да осы туралы айтылады: «Біз далада, толқып тұратын елде тудық, біріне-бірі шабуыл жасап, кескілесіп жатады...»

Арабтар Орта Азияға жаулауы басталған кезде, Қазақстан мен Орта Азияның басым бөлігі Батыс Түрік қағанаты қол астында болды. Арабтарға қарсы күресте Жетісуда өкімет басына келген түргештер болды. Оның негізін салған Үшелік қаған (699-706 жж.). Оның ордасы Шу бойындағы Суяб қаласы болды. Екінші (кіші) ордасы Іле өзені жағасындағы Күнгіт қаласында

орналасты. Үшелік қаған елді 20 түтіктікке (еншілікке) бөлді, оның әрқайсысының 7 мыңнан әскері болды. Үшелік қаған Қытай империясымен және Соғды мемлекетімен саяси бірлестік құрып, арабтарға қарсы күреседі.

Түргеш қағанатында Үшеліктен кейін оның мұрагері болып, баласы Сақал қаған (706-711) таққа отырады. Оның кезінде Түргеш мемлекетінде ішкі бірлік болмайды және қағанат үнемі арабтармен, қытайлармен күрес жүргізіп отырды. Түргеш қағанаты Сұлық қаған (715-738) тұсында күшейді. Оның тұсында түргештер екі майданда күрес жүргізді. Батыстан арабтар, шығыстан Тан әулеті күш көрсетті. Елшілік жолымен (неке байланысы) және әскери шаралар арқылы Сұлық шығыстан келетін қатерді болдырмады. Бұл жағдай түргештердің батыста белсенді әрекет етуіне мүмкіндік туғызды. 723 жылы Ферғана қарлұқтарымен және Шаш тұрғындарымен тізе қосып, түргештер арабтарды жеңеді. Сулықты арабтар Абу Мұзахим (Сүзеген) деп атайды. 737 жылы Сулықты өз қолбасшысы Баға-Тархан өлтіреді. Түргеш . Тарихтағы ең ірі мемлекеттердің бірі. Түркі қағанатының күшейген уақытында Солтүстік-Шығыс Қытай (Маньчжурия), Монғолия, Алтай, Шығыс Түркістан, Батыс Түркістан, Орта Азия, Қазақстан және Солтүстік Казказ территорияларына иелік еткен. Қытай жылнамалары түркілерді ғұндардың ұрпағы деп атаған. Түркі қағанаттың саяси-әскери бірлестік ретінде қалыптасқан мекені – Жетісу. Жетісу мен Шығыс Қазақстан жужан мемлекеттің шет аймақтары болатын. Осы аймақтарда орналысқан тайпалар - теле - 492 ж. жужаньдарға қарсы шығып, тәуелсіздік мемлекет құрады. Дегенмен де, 516 ж. жужаньдар жаңа құрылған мемлекетті тағы да өздеріне бағындырады. 545 ж. теле тайпаның Ашина руы жужаньдарға қарсы күресті басқарады. 551 ж. ашина руының батыры Бумын, Қытаймен бірігіп, жужань мемлекетінің талқандайды. Сонымен, түркі тілдес тайпаларының ішіннен шыққан теле тайпасы Жетісуда мемлекетінің негізін құрып, көрші мекендерді өзіне бағындыру үшін саясат жүргізеді. 1 мыңжылдықта Еуразияның аймағында этникалық өзгерістер болады. Түркі тілдес тайпалар басымдық алды. «Түрік» атауының тұңғыш рет аталуы қытай шежірелерінде кездеседі және ол 542 жылға жатады. Қытайлар түріктерді сюнну-ғұндар деп атаған. Ерте Түркі мемлекеті – Түркі қағанаты 552 жылы құрылды. Оның негізін салған - Бумын қаған 553 жылы қайтыс болады. Оның мұрагері – Қара-Ыстық-хан – билігі бір жылға толмай, қайтыс болады. Мұқан-қаған (553-572) билік құрған жылдарда Түркі қағанаты Орта Азияда саяси үстемдікке ие болады. [3,339] Олар Маньчжуриядағы қидандарды, Енисейдегі қырғыздарды бағындырады, бұларға Солтүстік Қытай алым-салық төлеп тұрады. 563-567жж. эфталит патшалығын басып алады. Міне, осыдан кейін олардың жері Каспий теңізінен Солтүстік Индияға дейін және Шығыс Түркістанға дейін созылып жатқан.Түркілер Орта Азияны жаулап алғаннан кейін Жерорта

теңізіне дейін баратын Жібек жолына иелік етті. Олар өздерінің жаулап алу жорықтарын жүргізуде Иранға қарсы Византиямен одақтасты, 571 жылы түріктердің әскери қолбасшысы Естеми Солтүстік Кавказды басып алады, сөйтіп Керчь түбегіне (Боспорға) шықты. Оның баласы Түріксанф Керчьті басып алып, 576 жылы Қырымға шабуыл жасады. Бірақ Естеми өлгеннен кейін 582-593 жылдары билік үшін қырқыс басталды. Өзара қырқыс пен әлеуметтік қайшылықтар қағанатты қатты әлсіретті. Күшейіп алған Иран 588 ж. Герат түбінде түріктерді жеңіп шығады. Византия 590 жылы Боспорды қайтадан жаулап алады. Өзара қырқыстар, әлеуметтік қарама-қайшылықтар қағанатты әлсіретіп, оның 603 жылы Шығыс және Батыс түркі қағанаттарына бөлінуіне әкелді. Шығыс Түркістаннан Амударияға, Еділ өңірі мен Терістік Кавказ далаларына дейінгі жер Қағанат қарауына көшеді. Түркі мемлекетінің басында - қаған тұратын, оның оң қолы (көмекшісі) – «яғбу» титулымен аталатын. 568 ж. бастап Түркі қағанаты 4 болысқа бөлінетін. Қағанның ордасы (ставкасы) - Алтайда болған. Халық 3 әлеуметтік топқа бөлінген - бектер, қара-будундар (жалпы халық), татылар (құлдар). Түріктерге бағынатын тайпалардың барлығы - оғыз деп аталатын. 581 ж. Қытайда Чжоу династияның орнына Суй династия келгеннен кейін, жаңа патша түріктермен барлық сауда қарым-қаныстарды үзді. Енді Қытайдан жібек маталары Орта Азияға келмейтін болғандықтан, түрік қағандарының Ұлы Жібек жолындағы ролі азаюға бастады. Тобо-хан қайтыс болғаннан кейін, түркі қағанатта өзара қырқыс басталады. Суй династияның патшалары осы ішкі өзгерістерді сезіп, түркі қағанатты ыдыратуға, әлсіретуге тырысады. Осы саясаттың нәтижесінде, 602-603 жж. қарай, түркі қағанаты екіге бөлініп кетеді. 604 ж. Батыс Түркі қағанатының қағаны болып Таман сайланды. Ал Шығыс Түркі қағанатының қағаны болып Жанғар сайланды. Түркештер-Батыс түрік қағандығындағы бес арыс ел дулаттың белді тайпасы. Түркештер- ежелгі үйсін, дулат ұлысының ұрпағы. Шежіре деректерінде «сары үйсін» деп аталады. Түркештер Іле мен Шу өзені аралығында, Іле Алатауынан Балқаш көлінің оңтүстігіне дейінгі өңірде көшіп-қонып жүрген. Бұл өлке мал шаруашылығына қолайлы, құнарлы өріс-қоныс болды. Сонымен қатар отырықшы егіншілік ошағы, біршама көркейген қалалары бар бай өлке еді [16.133]. Шығыс пен Батыс арасындағы сауда-керуен жолының осы өңірді басып өтетін басты бөлігі түркештердің бақылауында болды. Бұл жағдай түркештердің әскери-саяси жіне шарушылық қуатын арттыра түсті. Батыс Түрік қағанатындағы өзара тартыстар, Жетісу- да өз үстемдігін орнатуға ұмтылған Қытай императорлық әулетінің әскери- саяси әрекеттері қаған билігінің әлсіреуіне, сөйтіп бірге-бірте тек аты ғана қалуына көбіне-көп себепші болды. «Он жебе» құрамына кірген тайпалардың енді қаған атынан емес, өз туын көтеріп қимыл жасауы жиілей түсті. 694 жылы таққа отырған

Ашина Туйцзы тибеттіктермен одақтаса отырып, шығыста қытай әскеріне қарсылық ұйымдастыруға әрекет жасаған кезде, Жетісудың өзінде азғыр Нүзүк-Иркин, түргеш Чықан және ұлық-оқ тай-пасының басшысы бастаған тайпалар Суяб бекінісін қоршауды ұйымдастырған, бірақ шежірешінің сөзіне қарағанда, олар жеңіске жете алмаған. Мұның өзі, шындыққа үйлеспейтін болса керек. Қалаға шабуылдың сәтсіз аяқталуы туралы шежірешінің сөздері өкілдердің мәлімдемесіне ғана негізделген. Әдеттегідей, шайқастың қалай болғанын нақты суреттеп баяндау жоқ, шежіреші тек «жеңілді» дейді де қояды. Ол былай тұрсын, бұдан кейін аймақтың халқын бірден тыныштандыру үшін түрік Хусэлоның бастауымен армия ұйымдастырылды (бұлар түріктерден құрылған болуы керек) делінеді. Бірақ жорыққа әзірленіп жатқан кездің өзінде қағанатта жаңа бір күш пайда болады да, мұның қуаттылығы соншалық, Хусэ-ло батысқа жорық жасаудың орнына асығыс түрде тайып тұрады. Бұл күш Баға-тархан (моге-даған) деген атағы бар Үшлік (Учжилэ) бастаған түргештер болды. Бытыраңқылық және Хусэло қағанның қашып кетуі жағдайында түргештердің көтерілуі күтпеген жерден болған оқиға емес еді. Қағанаттың сол қанатының құрамына кіретін, халқы көп тайпа болған түргештер VI ғасырда-ақ Шу-Іле қос өзені аралығындағы үлкен аймақты алып жатты және Жетісудағы керуен жолдарының көбі солардың бақылауында болды. Түргештердің ықпалы бірте-бірте күшейе берді, оларға бағынышты тайпалар саны көбейді. Хусэло жеңілместен бұрын-ақ Үшлік өз жерлерінде әрқайсысы 7 мың адамнан 20 түтіктік құрды. Бұрын Шудың солтүстік-батыс жағында болған өз ордасын ол Суябқа көшіріп, оны Үлкен орда деп атады; Күнгіт қаласында оның Кіші ордасы болды. Күнгіт және солай аталатын тайпа Іле өзені аңғарында орналасқан (олар мұнда XI ғасырда да тұрған, мұны Махмуд Қашғари атап көрсеткен). Шежіреде айтылғанындай, батыс түрік жерлері «шығыста солтүстік туцзюйлермен (яғни Шығыс түрік қағанатымен), батыста – хулармен (соғды князьдіктерімен) шектесіп, шығыста тікелей Сичжоу (Тұрфан) және Тинчжоу (Бесбалық) аймақтарына дейінгі жерді алып жатқан». Бұл екі топтың арасы өте-мөте ушығып тұрған болатын. Үстемдік үшін күрестің барысында Іле түргештері Қапаған-қаған бастаған шығыс түріктерімен әскери одақ құрды. Олардың арасындағы күрес көріністерінің бірі Ертістен бір түндік жердегі Бөлу Шу өзені бойындағы шайқас болып табылады. Шу түргештері (басқаша айтқанда, сары түргештер) қатты жеңіліске ұшырады, мұның нәтижесінде үстемдік олардың бәсекелестеріне (қара түргештер, бұлар өз ордасын Таласқа көшірді) ауысты. Бұлар қаған тағына қара түргештердің шапыш (чэбиши) тайпасының өкілі Сулықты (Сулу) отырғызды. Құжаттар сол кездегі Түргеш қағанатында әлеуметтік өзгерістердің болғанын көрсетеді. «Жаңа Тань тарихында» былай делінген: «Шығындар (аксүйектердің) күн сайын өсіп

жатты, ал қор дегенің болған жоқ. Соңғы жылдары ол (қаған) тапшылықты сезіне бастады, сондықтан талап алынған олжаларды бірте-бірте бөліске салмай, өз қолында ұстады. Міне, осы кезде бағыныштылар да одан бөлініп шыға бастады». Дау-жанжалдар қара түргештер мен сары түргештердің билеуші топтары арасындағы күреске ұласты. 738 жылы Сұлық-қаған өлген кезден бастап бұл күрес өте-мөте шиеленісе түсті. Шежіреде айтылғандай, Түргеш қағанатында «Сөгенің (Сақалдың) ұрпақтарын сары рулар (сары түргеш) деп, ал Сұлу (Сулуқ) ұлысын қара рулар (қара түргеш) деп атайды, (олар) бірімен-бірі жауласады, біріне-бірі сенбейді». Түргеш шонжары шумекен Бекан-Күлүг-шорасының (Фу- Янь-Цюэлю-чо) хатында да осы туралы айтылады: «Біз далада, толқып тұратын елде тудық, біріне-бірі шабуыл жасап, кескілесіп жатады...» Арабтар Орта Азияға жаулауы басталған кезде, Қазақстан мен Орта Азияның басым бөлігі Батыс Түркі қағанаты қол астында болды. Арабтарға қарсы күресте Жетісуда өкімет басына келген түргештер болды. Оның негізін салған Үш-еліг қаған (699-706 жж.). Оның ордасы Шу бойындағы Суяб қаласы болды. Екінші (кіші) ордасы Іле өзені жағасындағы Күнгіт қаласында орналасты. Үшеліг қаған елді 20 түтіктікке (еншілікке) бөлді, оның әрқайсысының 7 мыңнан әскері болды. Үш-еліг-қаған Қытай империясымен және Согда мемлекетімен саяси бірлестік құрып, арабтарға қарсы күреседі. Түргеш қағанатында Үш-елігтен кейін оның мұрагері болып, баласы Сақал-қаған (706-711) таққа отырады. Оның кезінде Түргеш мемлекетінде ішкі бірлік болмайды және қағанат үнемі арабтармен, қытайлармен күрес жүргізіп отырды. Түргеш қағанаты Сулық қаған (715-738) тұсында күшейді. Оның тұсында түргештер екі майданда күрес жүргізді. Батыстан арабтар, шығыстан Тан әулеті күш көрсетті. Елшілік жолымен (неке байланысы) және әскери шаралар арқылы Сулық шығыстан келетін қатерді болдырмады. Бұл жағдай түргештердің батыста белсенді әрекет етуіне мүмкіндік туғызды. 723 жылы Ферғана қарлұқтарымен және Шаш тұрғындарымен тізе қосып, түргештер арабтарды жеңеді. Сулықты арабтар Абу Мұзахим (Сүзеген) деп атайды. 737 жылы Сулықты өз қолбасшысы Баға-Тархан өлтіреді. Оның қазасынан кейін «сары» түргештер мен «қара» түргештер арасында өкімет билігін алу үшін күрес басталды. 746 жылы Жетісуға Алтай мен Тарбағатайдан қарлұқтар келіп қоныстанады. Арабтармен, сондай-ақ өзара қырқыстардан әлсіреген түргештер қарлұқтарға белсенді қарсылық көрсете алмайды. Мұны Қытай империясы пайдаланды. Оның Шығыс Түркістандағы уәлилері 748 жылы өз әскерін Суяб қаласына аттандырады да, оны басып алады. Шаштың иесі дарға асылады. Оның баласы арабтардан көмек сұрап келеді. 751 ж. Тараз жанындағы Атлах қаласы маңында арабтар мен қытай әскері арасында зор шайқас болады. Шайқас бес күнге созылады. Шешуші сәтте қытайлардың ту сыртындағы қарлұқтар

көтеріліс жасап, арабтар жағына шығады. Қытайлар толық жеңіледі. Тан әскері Жетісуды, Шығыс Түркістанды тастап кейін шегініп кетеді. Арабтар Шашқа қарай кетеді. Бірақ ішкі қырқыс Түргеш мемлекетін әбден тұралатып тастады. 756 жылы түрік тілді қарлұқ тайпаларының әрекетінен түргеш мемлекеті құлады. Қарлұқтар – көне түркі тайпасы. Ол үш рудан бұлақ, чигиль (басқаша атауы – себек) және ташлық] құралған. Қарлұқтар телелердің бір тайпасы делінеді. 7 ғасырдың орта шенінде Қарлұқтар Емел алқабына және Сайрам-нор көліне қарай ойысты. Осы арада Қарлұқтардың бұлақ, чигиль, ташлық руларынан құралған тайпалық бірлестігі қалыптасты. VIII ғасырда Түрік қағандығыдырағаннан кейін, Қарлұқтар күшейе бастады. Көшпелі жағдайда мал өсіріп, аң аулады, бірте-бірте отырықшы егіншілікке көшті. Қарлұқтар Орта Азиядан Қытайға дейінгі керуен жолын, Талас өзенінен Тарым өзеніне дейінгі жерлерді, Ыстықкөлдің оңтүстігін мекендеді. 757 – 766 жыдары Түркештер мемлекетінің жерін түгел дерлік өзіне бағындырды. Қарлұқтар шонжарлары Жетісуда билік құрды. Осы кезде қарлұқтар билеушілері өздерін жабғу деп атады. Бұл 800 және одан кейінгі жылдардағы (X ғасырдағы «Худуд әд-Алам») еңбектерде айтылады. Онда Қарлұқтардың жабғуларымен қатар түрік билеушілері – қағандардың болғаны сөз болады. Жабғу қрлұқтар астанасын Шу өз-нің бойындағы Суяб қаласына көшірген. Бертін келе олардың астанасы Іле өз-нің бойындағы Қойлық қаласына ауыстырылды. 861 жылы Қашқарияны басып алды. 10 ғасырда Қарахан әулеті билеген мемлекеттің құрамына кірді. Қарлұқтар 960 жылы мұсылман дінін қабылдады. Қарлұқ тайпалары конфедерациясының құрамы – қарлұқтайпаларының топтасып, саяси бірлестігінің қалыптасуы Жетісудаболғанын айқын дәлелдейді. Қарлұқтардың алғашқы үш рулы ұйытқысына, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның этникалық субстраты кірген болуы керек. Қарлұқ конфедерациясына түркі тілдес көшпелі және жартылай көшпелі әр түрлі тайпалар: жікілде, бұлақтар, халаждар, түргештер, азкишилер, тухсилер, шарұқтар, аргулар, барсхандаркірге. Бұлардан басқа оның құрамында оғыздардың негізгі көпшілігі Сырдарияның орта және төменгі ағысына көшкеннен кейін Жетісу аумағында қалған кейбір топтары, сондай-ақ түрік болып кеткен Жетісу соғдылары болды. Махмұд Қашғари көптеген соғдылар түріктердің әдет-ғұрыптарын қабылдаған деп хабарлайды. Кейінірек қарлұқтардың Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың, отырықшы халықтарымен сіңісіп, ислам дінін қабылдаған бір бөлегі, сондай-ақ оғыздардың соларға сәйкес топтары да түрікмендер деп аталып кетті. Қарлұқ конфедерациясының қалыптасуы Жетісу мен Қашғариядан бастап Сырдарияның орта ағысы мен Ферғанаға дейінгі ұлан-ғайыр өңірде жүзеге асты. Бұл байтақ аймақтың көптеген тайпалары қарлұқтардың жабғу деген атағы бар көсемінің, сонан соң қағанның қарауында болды. Қарлұқтар түрік

тілінің әр түрлі диалектілерінде сөйлеген. Араб-парсы жазбаша деректемелерінің мәліметтеріне қарағанда, олардың бір тобы «ж» дыбысты, екінші бір тобы «й» дыбысты диалектіде сөйлейтін болған. Қарлұқтар монғолоидтік белгілердің болмашы қоспасы бар еурпеоидтік антропологиялық тұрпатқа жатқан. Әл-Масуди түріктердің ішінен қарлұқтарды бөліп көрсетіп, олар «неғұрлым әдемі, бойшаң, өнді келеді» дейді. Қарлұқ тайпаларының бірі – жікілдер туралы олардың ішінде болған араб саяхатшысы Әбу Дулаф (X ғ.) былай деп жазады: «Олар (жікілдер) әдемі келеді. Айналасындағы тайпалардың бәрі оларды ұрлап әкетіп тұрады». Қарлұқтардың қоныстануы. Қарлұқ тайпалары VIII-X ғасырларда Жоңғар Алатауынан Сырдарияның орта ағысына дейінгі кең-байтақ аумақта қоныстанды. Қарлұқ топтарының бірі IX ғасырдың бас кезінде Отырар (Фараб) төңірегіне келіп қоныстанды. Ибн Хордадбех Фараб қаласында қарлұқ-түріктердің отрядтары бар деп атап өтеді. Басқа авторлар да Фараб аймағындағы Сүткент қаласында қарлұқтардың болғандығын айтады. Қарлұқтар Фараб, Кенжиде және Шашарасындағы жайылымдарда көшіп жүрген. «Олардың бәрі мұсылмандар, бірақ ешкімге бағынбайды», – деп атап көрсетеді әл-Истахри (X ғ.). Қарлұқтардың кейбір топтары Шаш және Испиджаб аймақтарын мекендеді. Ибн Хаукальдің айтуына қарағанда, Шаш аймағына исламды қабылдаған оғыз және қарлұқ тайпалары топтасқан. Испиджаб өңірі қарлұқтар мен оғыздардың арасындағы шекара болды. Мұнда қарлұқтар Саманилер мемлекетімен шектесіп жатты. «Мауараннахр шекарасының он бойында, – деп хабарлайды әл-Истахри, – соғыс шайқастары болып жатады: Хорезмнен Испиджаб төңірегіне дейін оғыз-түріктермен, Испиджабтан Ферғана-ның ең шалғай жерлеріне дейін қарлұқ-түріктермен шайқастар болып тұрады». Қарлұқ тайпалары Талас аңғарында тұрды. Тараздың оңтүстігіне қарай 5 фарсах (30 шақырым) жерде Қасрибас деген жердегі жайылымда қарлұқтар қыстап жүрген. Тау қойнауындағы бұл жылы жерге таяу халаждардың қыстауы болды. Ал Тараз VIII ғасырдың бірінші жартысында-ақ «даңқты да инабатты шаруқ-түріктер» қаласы деп аталған еді.

Қаңлы мемлекеті

Б.з.б. V-IV ғасырдағы деректер бойынша, Қаңлы құлшылық мемлекетіне Әмудария мен Сырдарияның жоғарғы орта ағысындағы жерлер қараған: Бұқара, Шахрисябз, Кушаниз (Қатта-Қорған төңірегі), Ташкент ауданы, Хорезм өлкесі. Қаңлы мемлекеті Үйсін мемлекетімен бірқатарда тарихи сахнаға шыққан. Үйсіндер Ферғана, Ыстықкөл, Шу, Жетісудан Шығыс Түркістан жерлеріне дейін созылып жатқан аймақта орналасқан.

М. Қашқари айтуы бойынша, Қаңлы (Қаңқа) – патшаның аты. Оның мемлекетіне кірген тайпалар, халықтар жалпы патшаның атымен «қаңлы» аталған. Соған қарағанда, жергілікті сақ тайпаларынан өрбіген ұрпақтар

Әмудария мен Сырдария өңірлерін мекендеп, осы құлшылық қоғамын құрған. Олардың жайылған мекендері де көп жерлерді алып жатса, тұрғындарының сандары да көп болған. Олар ертедегі орта ғасырда бөлшектеніп, өздерінің ертеден келе жатқан аттарымен аталып кетсе де, басым көпшілігі қаңлы есімін сақтап қалған. Кейін түркі халықтары бөлшектеніп шыққанда, қаңлылар олардың көпшілігінің құрамына кірген: өзбек, қазақ, қырғыз, башқұрт, қарақалпақтар және т.б. Бірақ қаңлылардың басым көпшілігі бұрынғы Қаңлы мемлекетіне кірген жерлерде көбірек сақталған. [4,116] Б.з.б. 329 жылы әйгілі Ескендір Зұлқарынай Сырдария бойына жеткен. Қаңлы мемлекетінің негізгі этникалық құрамы сақ нәсілді түрік тілдес тайпалардан тұрған. Қазіргі түрік халықтарының құрамына кірген қаңлыларда антропологиялық ерекшеліктері арасынан сары түсті, көздері көк, жақ сүйектері ойыңқылы көбірек кездеседі. Өздерін басқарған патшаның атымен аталуы түріктерде ертеден қалыптасқан дәстүр, мысалы: Оспан түріктері және т.б.

Қаңлылар ұлы күш болып, шет елдерге бас июге ешбір көнбеген. Олардың чиновниктері үйсіндердің елшілерінен кейін, Қытай елшілерін отырғызған. Тамақты әуелі өздеріне, одан кейін Шығыс көршілері Қытайға беретін болған. Қаңлы билеушілері өздерін тәуелсіз, тіпті батыл ұстаған, бұл жөнінде б.з.б. I ғасырдың аяғында Қытай деректерінде: «Қангюй, керісінше (Үйсінмен салыстырғанда - У.Ш.) өркөкірек, батыл және біздің елшілеріміз алдында князьдары мен ақсақалдарына, содан соң барып наместниктің елшілеріне қонақасын тартады». Б.з.б. 47-46 жылдары (Қытай - У.Ш.) Ферғана, Қытай соғысының барысында, қаңлылардың араласуымен ғана ферғаналықтарды астанасының қиратылуынан құтқарып қалды және ферғаналықтарға тиімді бітім жасауға жәрдемдесті. Сондықтан да өздерінің тәуелсіздігін бекем ұстап, күшті құлшылық мемлекет болған және түріктердің мәдени өркениетінің негізін салған. Аттары аталған жер атамалары Әмудария мен Сырдарияның алқаптарында және Орталық Азияның көпшілік жеріне орналасқанын байқаймыз. Қазір де олардың көпшілігі ежелгі аттарымен аталады. Осы жерлерден археологтар қаңлылардың дәуіріне жататын Жанбас-қала, Қорғанша-қала, Базар-қала, Кюнөрлі-қала, Қойқырылған-қала және т.б. ескерткіштерін ашты. Бұл қалалар құлдардың күшімен салынған үлкен бекіністер. Мысалы: Қойқырылған-қала дөңгеленіп салынған, оның жалпы диаметрі - 87,5 м, тоғыз мұнарасы бар. Оның қазіргі сақталған биіктігі - 8 м. Осы дәуірдің басқа да аттары аталған антикалық қалалары көлемдері жағынан Қойқырылған-қаладан кем емес. Олар жан-жақты зерттеліп, Хорезм археологиялық экспедициясының еңбектерінде жарық көрген. Осы археологиялық қазба деректерге қарағанда, қаңлылардың мәдениеті құлшылық қоғамда дамыған.

Оның дамыған кезеңдері б.з.б. V-IV ғғ. тура келеді. Осы кезде, қаңлылар Ахеменидтердің қарауынан шығып, өз алдына мемлекет болып, жеке үстемдігін жалғастырды.

Б.з.б. II-І ғасырларда Қаңлы құлшылық мемлекетінің экономикасы өрлеп, жақын және қашықтағы елдермен саяси байланыстары кеңейген. Оған қараған жерлерде көптеген көне және жаңадан тұрғызылған тұрақты мекендер мен қалалар болған. Оларда қолөнер кәсібі дамып, сауда орталықтарына айналған. Тұрғындардың негізгі кәсібі қолдан суару арқылы жүргізілген диқаншылық ең жайып, үлкенді-кішілі су жүйелері салынған және олар жылма-жыл тазартылып, кеңейтіліп тұрған. Қаңлы мемлекетінің арнайы шығарылған ақшасы осы зерттелген қалалардан табылған.

Қытай деректерінің бірі «Алғашқы хан династиясының тарихында»: «Самарқан (Қанжуй хандығы, яғни Қаңлы мемлекеті) хандығының қыстық астанасы (бұрын Люениди еді - ауд.), жазғы бас қаласы Ю Битян қаласы делінген. Қытай астанасынан (Чананнан) 12 300 шақырым шалғай. Тұтық қарауыл мекемесіне қарамайды. Люенидиден атпен 7 күн жол жүргенде ханның жаздық астанасы Фаннға жетеді. Бұл жер Қытай астанасынан 9104 шақырым келеді. Түтін саны – 120 000, жан саны – 600 000, әскері – 120 000 (Бан Гудың «Батыс өңір және Үйсін мемлекеті» атты еңбегінде «әскері 20 000» деп жазылған – ауд.). Бұған қарағанда, Самарқан хандығының халқы ұлы йүзілерден әлдеқайда көп. Шығысындағы «Тұтық қарауыл мекемесі» қарауына дейінгі аралығы – 5550 шақырым. Халқының әдет-ғұрпы ұлы яушылармен ұқсас. Шығыс жағы хұндардың басқаруында».

Бұл келтірілген деректерге қарағанда, Қаңлы мемлекетіне көп жерлер қараған. Оның қысқы және жаздағы астаналарындағы халықтарының санына қарағанда, сол кездегі Қаңлы мемлекетінің замандасы йүзілерден анағұрлым көп болғанға ұқсайды. Олардың этникалық жақындықтары әдет-ғұрыптарының жақын екендігін байқалтады. Қаңлы мемлекеті Ұлы Жібек жолындағы ірі экономикалық және мәдени орталық болғанын аңғаруға болады.

Профессор Әбдуәли Қайдардың «Қаңлы» атты монографиясына дейін қаңлы тайпасының шығу тарихына тоқталмаған бірде-бір шығыстанушы ғалым жоқ шығар. Олар түріктерге қатысты мәселелерге тоқталғанда, қаңлы тайпасы туралы тиіп-қашты пікір жазып қалдырған.

Ресей отары болмастан бұрын, қазақтар дербес ел кезінде, халқымыз өзінің шығу тарихын білуге айрықша көңіл бөліп, өздерінің тарихи шежірелерін жазған және кейінгі ұрпақтарға мұра етіп қалдырып отырған. Оның айғағы – кітапханаларда том-том болып жиналып жатқан дүниелер. Мысалы, М.Х. Дулатидің «Тарих-и-Рашиди», Қадырғали Жалайыридің «Жәмиғ-әт-тауарих» жылнамалары, Ш. Уәлихановтың «Ұлы жүз шежіресі»,

М.Шорманұлының, А.Ниязовтың, Ә.Бөжейұлының, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежірелері. 1911 жылы Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» Орынбордан басылып шықты. Осылай өз халқының тарихи шежіресін жазу – ерте заманнан әдетке айналып кеткен қасиеттердің бірі. Ол шежірелер қазақ, халқының рухани байлығы.

Оғыз мемлекеті (IX ғасыр – XI ғасырдың басы). IX-X ғасырлар Сырдың орта, төменгі ағысында, сонымен қатар Батыс Қазақстанды да қосып алатын территориясында оғыз тайпаларының саяси бірлестігі құрылды. «Оғыз» деген терминнің этимологиясы әлі де анықталмаған. Махмуд Қашқари, Марвази еңбектерінде, оғыздарға жататын руларды атап кеткен: қынық, баят, язғыр, имур, қарабулақ, тугырка, т.б. Оғыздар 2 экзогамды фрактриядан құрылған. Бұлар – *бузук және ушук* (учук). VIII ғасыр ортасында түргештер мұрасы үшін қарлұқтармен болған күресте оғыздардың едәуір бөлігі Жетісуды тастап, Шу алқабына кетеді. Осы жерде олардың «Көне Гузия» деп аталатын ордасы болды. IX ғасыр бас кезінде оғыздардың көсемі қарлұқтармен, қимақтармен одақтасып, қанғар-печенег бірлестігін күйретеді, сөйтіп Сырдың төменгі жағы мен Арал өңірі мен даласын басып алады. IX ғасыр соңында олар хазарлармен одақ құрып, печенегтерді жеңеді де, Орал мен Еділ арасын қоластына қаратады.

Печенегтермен соғыс олардың саяси бірлігін күшейтіп, тайпалардың оғыздық одағын құруға мүмкіндік берді. Оғыздар құрамына Сырдария алқабы мен Арал-Каспий далаларының үнді-европа, финн-угор тектес ежелгі компоненттері және Жетісу мен Сібірдің халаджылар, жағарлар, чаруктер, қарлұқтар, имурлер, байандұрлар тайпалар кірді. Оғыздардың этникалық қауымдастығының құрылуы ұзақ процесс болды.

IX ғасыр соңы мен XI ғасыр басында оғыз тайпалары Сырдың төменгі ағысынан Еділдің төменгі бойына дейінгі орасан зор территорияны мекендейді. Оғыздар туралы алғашқы деректер IX-X ғасырлардың басы араб деректерінде мысалы, әл-Якубидің (IX ғасыр) еңбегінде айтылады.

Орта Азия мен Шығыс Еуропаға және Орталық Азияға баратын керуен жолдарының тоғысқан жерінде жатқан Янгикент қаласы X ғасыр оғыз мемлекетінің астанасына айналды. Оғыз мемлекетінің халқы – түркі және иран тілінде сөйлеген. «Жабғы» атағы бар жоғарғы билеуші Оғыз мемлекетінің басшысы болған. Оғыз жабғыларының орынбасарларын Күл-еркін деп атаған. Жоғарғы билеушілер өкіметі мұрагерге – «иналамиға» – беріліп отырған. Жабғы мемлекетінде оғыз әскерінің «сюбаши» деп аталатын бас қолбасшысы маңызды роль атқарған. Оғыздар мал шаруашылығымен айналысты. Отырықшылықта қатар дамыды. Жент, Сауран, Қарнақ, Сүткент, Фараб, Сығанақ деген қалалары болды. Құл саудасы дамыды. Оғыздар

мәжусилер болып, бақсы-балгерлерге табынды. Біртіндеп ислам діні де ене бастады.

Оғыз мемлекеті Еуразияның саяси және әскери тарихында маңызды орны болды. 965 жылы олар Киев Русымен одақтасып хазар қағанатын талқандайды. 985 жылы оғыз жабғысы орыс кінәздарымен бірлесіп Еділ Бұлғариясын талқандады. Осының бәрі оғыз мемлекетінің саяси күш-қуаты өсуіне әсер етті.

X-XI ғасырлар Оғыз мемлекеті елеулі дағдарысқа ұшырайды. Оған алым-салыққа қарсылық білдірген оғыз тайпалары көтерілістері себеп болды. Салжықтармен, қыпшақтармен болған соғыстарға шыдамай, оғыз мемлекеті X ғасырдың ортасында біржола құлайды. Жартысы қыпшақтардың қысымынан Шығыс Еуропа мен Кіші Азияға, жартысы Мәуереннахрдағы қарахандарға, хорасан селжұқтарына, қалғаны Дешті-Қыпшақ тайпаларына араласып кетті.

Оғыздар мемлекеті Еуразияның саяси және әскери тарихында маңызды рөл атқарды. 965 жылы оғыз жабғуы мен Киев князі Святославтың арасында хазарларға қарсы бағытталған әскери одақ жасалды. Мұның нәтижесінде Хазар қағанаты талқандалды. Киев Русінің оғыздармен әскери-саяси одағы олардың саяси және сауда-экономикалық мүдделерінің бір болуынан туындады. Хазариямен бәсекелес болған ежелгі орыс мемлекетіне одақтас керек болды; екінші жағынан, феодалданып келе жатқан көшпелі оғыз шөңжарлары ездерінің малына жайылымға, Дон және Қара теңіз маңындағы далаларға мұқтаж болды, ал оған жетуге Хазария бөгет жасады. Оғыздарды Еділ бойынан, Маңғыстаудан, Үстірттен өтіп, Еуропаны Азиямен жалғастыратын аса маңызды жолдар барынша қызықтырды. Бұл сауда жолдарын өз бақылауында ұстауға ертедегі орыс мемлекеті де мүдделі болатын. Хазарияның талқандалуы орыс көпестеріне Шығыс елдерінің бай рыногына жол ашты. Осының бәрі оғыз жабғуларын сыртқы саяси бағытында орыс князьдерімен одақ жасасуға бағдар алуға итермеледі.

965 жылы Хазария жеңілгенге дейін оғыздар хазар қағандарымен ұзақ уақыт күрес жүргізді. Оғыздардың хазарлармен қан төгіс шайқастары, Маңғыстауға батыс жағынан іргелесетін далаларда өткен болса керек. X ғасырдың орта кезінде Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағасына дейін жеткен Хазар державасының шекарасы осы жерден басталатын еді. Хазар қағанатының талқандалуы оғыз державасының саяси қуатының өсуіне себепші болды. X ғасырдың аяғында оғыз жабғулары орыс князьдерімен біріге отырып, Еділ Бұлғариясын да күйрете жеңді. Орыс шежірешілері 985 жылы князь Владимирдің торқтармен (оғыздармен) одақтаса отырып, бұлғарларға жорық жасағаны туралы айтады. Князь әскерлері Еділмен немесе Камамен қайықпен жүзді, ал тұрқтар жағамен өздерінің жауға мінетін

аттарымен жүріп отырды. X - XI ғасырлар шегінде оғыз мемлекеті құлдырай бастайды. Алым-салықтардың жыртқыштықпен жиналуына наразы болған оғыз тайпаларының көтерілістері жиілей түседі. Оғыздардың тарихи аңыздарына қарағанда, бұл көтерілістер өкімет басына X ғасырдың орта кезінде немесе оның екінші жартысының бас кезінде келген Әли ханның басқаруына қарсы жүргізіледі. X ғасырдың соңы – XI ғасырдың басында оғыз мемлекеті құлдырай бастады. Бұл, бір жағынан, Әлихан тұсындағы алым-салықтың өсуіне халық наразылығының күшеюімен, екінші жағынан, Шығыстан төнген селжұқ тайпаларының толассыз шабуылдарымен түсіндіріледі. Әлиханның мұрагері Шах Мәлік тұсында Оғыз мемлекеті қайта күшейді. Тіпті 1041 жылы Хорезмді басып алды. Ішкі талас-тартыс, селжұқтарға қарсы сыртқы шабуылдар оғыз мемлекетін әлсіретті. Осы тұста солтүстік-шығыста қыпшақ тайпаларының шабуылдары күшейді. Бұл оғыз мемлекетінің өмір сүруін тоқтатуына алып келді. Араб деректерінде «Мафазат әл – Ғұз» деп аталған Оғыздар даласы Дешті Қыпшақ құрамына енді.

Қимақ қағанаты – Шығыс және Орталығы Қазақстанда IX ғасырдың ақыры – XI ғасырдың басында болған ертедегі мемлекет. Мемлекеттің орталығы Ертістің орта алабында болған. Қимақтар VII ғасырда Алтайдың солтүстігіне, Ертіс жағалауына орналасып, Батыс түрік қағандығының құрамына кірген. VIII ғасырда қимақ тайпалары Ертістің орта ағысын мекендеді. IX ғасырдың алғашқы жартысынан Жетісудың солтүстік-батысындағы Алакөл аймағына қоныстана бастады. Олардың батыс шекарасы Оңтүстік Оралдың шығыс бөлігі мен Арал жағалауларына дейін жетті. X ғасырдың ортасында қимақтар шығыстан батысқа қарай ойысты. Олар Оңтүстік Орал тауының оңтүстік және оңтүстік-батыс бөктерінде, Каспий жағалауында көшіп-қонып жүрді. X ғасырдың ақырында қимақтардың бір тобы Сырдария жағалауына қарай жылжып, Түркістанның мұсылман облыстарымен араласты. XI ғасырда Орталық Азия тайпаларының батысқа қарай ойысуы нәтижесінде қимақтардың орналасу картасы өзгерді. Махмұт Қашқаридың имақтар (қимақтар) туралы деректері (XI ғасыр) осы уақытқа саяды. «Диуани лұғат ат-түркте» берілген картада имақтар өздері бір тұтас топ болып тұрған Ертістің жағалауындағы жерлерде ғана көрсетілген. 656 жылы Батыс Түрік қағандығы тарағаннан кейін қимақтар өз алдына бөлініп шықты. 840 жылы Турфан қағандығы ыдырағаннан кейін оның құрамындағы әймур, баяндур, татар тайпалары қимақтарға қосылды. Қимақ тайпалары федерациясының қалыптасуы осы кезге сай келеді. Гардизидің баяндауынша, қимақтардың тайпалық одағы алғашында жеті тайпадан: әймур, имақ, татар, баяндур, қыпшақ, ланиказ, ажлад тайпаларынан құрылған. Шамамен, IX ғасырдың ортасы мен ақырында қимақтар оғыз

көсемдеріне қаңғар-печенег тайпалары мекендеген Сырдария алабы мен Арал жағалауларын жаулап алуға белсенді көмек көрсетті. Қимақтар тоғыз оғыз және Енисейдегі Қырғыз мемлекеттеріне әскери жорыққа шығып, 8–9 ғасырлардың екінші жартысында Орталығы Ертістен Жоңғар қақпасына дейінгі аймаққа бекініп алды. Сөйтіп, Қимақ мемлекетінің құрылуына қадам жасалды. Қимақ қағанаты туралы алғашқы деректер 9 ғасырдың ақыры мен X ғасырдың бас кезіндегі араб тілдеріндегі тарихи геогр. шығармаларда кездеседі. «Түркістан мен түріктер, – деп жазады әл-Якуби (IX ғасыр), – бірнеше халықтар мен мемлекетке бөлінеді, соның ішінде қарлұқтар, тоғыз оғыздар, қимақтар және оғыздар бар. Түріктердің әр тайпасы жеке мемлекет және бірімен-бірі соғысып тұрады». Қимақ қағанаты құрылған күннен бастап олардың патшалары ең жоғарғы түрік атағымен хакан (немесе қаған) деп аталды. Ол жабғу атағынан екі дәреже жоғары. Қимақ қағанаты үлестік-тайпалық құрылымда болды. Елді хакан мен оның аймақтардағы он бір мұрагері (әмір) биледі. Ел билеушілері бір жағынан әскери көсемдер болды да, хаканнан тиісінше үлес алды. Әрбір иеліктер хаканға белгілі көлемде әскер беріп тұрды. Бұл мемлекетте салық жиналған, көне түркі жазуы болған.

VIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстан территориясында феодалдану процесі күшейді, елеулі саяси өзгерістер болды, жаңа ежелгі феодалдық мемлекеттік бірлестіктер пайда болды. Қазақстанның жергілікті халықтарының солтүстік – шығыста Қырғыз қағанатымен, шығыста ұйғырлармен мемлекетімен және батыста Хазар қағанатымен байланысы күшейіп, ұлғая түсті. Батыс Қазақстан тайпаларының Еділ – қама Бұлғариясының және Русьтің халықтарымен экономикалық және саяси байланыстары бірден – бірге жиілей түсті, ол жақтан IX ғасырда – ақ көпестер Еділ бойымен Каспий теңізінің солтүстік – шығыс және шығыс жағалауларына келетін болды.

Қарлұқ топтарының бірі IX ғасырдың бас кезінде Отырар (Фараб) төңірегіне келіп қоныстанды. Ибн Хордадбех Фараб қаласында қарлұқ – түріктердің отрядтары бар деп жазады. Басқа авторлар Фараб аймағындағы Сүткент қаласында қарлұқтардың болғандығын айтады. Қарлұқтар Фараб, Кеңжиде және Шаш араларындағы жайылымдарда көшіп жүрген. «Олардың бәрі мұсылмандар, бірақ ешкімге бағынбайды», – деп атап көрсетеді әл – Истахри.

Қарлұқтардың кейбір топтары Шаш және Испиджаб аймақтарын мекендеді. Ибн Хаукальдың айтуына қарағанда, Шаш аймағына оғыз және қарлұқ түріктердің исламды қабылдаған тайпалары жиылған. Испиджаб өңірі қарлұқтар Саманидтер мемлекетімен де шекаралас болды. "Мауараннахр шекарасының оң бойында, – деп хабарлайды әл - Истари, - соғыс шайқастары болып жатады; Хорезмнен Исфижаб төңірегіне дейін оғыз – түріктермен,

Исфиджабтан Ферғананың ең шалғай жерлеріне дейін қарлұқ – түріктермен шайқастар болып тұрады».

Қарлұқ тайпалары Талас бойында да тұрады. Тараздың оңтүстігіне қарай 5 фарсах (30км) жерде Қасрибас өңірін қарлұқтар қыстап жүрген. Тау қойнауындағы бұл жылы жерге таяу халаждардың қыстауы болды. Ал Тараз VIII ғасырдың бірінші жартысында – ақ «даңқты да инабатты шарұқ – түріктер» қаласы деп аталған еді.

656 жылы Батыс түрік қағанаты құлағаннан кейін Алтай тауының Солтүстік жағы мен Ертіс өңірін жайлаған қыпшақтардың едәуір мол топтары кимектердің басшылығы мен тайпалар одағының өзегін құрайды. Алайда негізгі қыпшақ тайпаларының өзін-өзі билеуге ұмтылған талабы VIII ғасырдың соңында оларды кимек мемлекетінің құрамынан бөлініп, батысқа қарай көшуіне апарып соғады. Бірақ қыпшақтар түбірлі тәуелсіздікке жете алмайды, олар VIII-X ғғ. кимек мемлекетінің құрамында болып, қыпшақтар тарихы кимектер тарихымен қоса өрледі.

XI ғасырдың басында Кимек қағанаты тарқағаннан кейін, кимек, қыпшақ және қуман тайпаларының бұрын жайлаған жерлерінде әскери саяси жетекшілік қыпшақ хандарының қолына көшеді. Қыпшақтың өкімет басына келген ақсүйектер әулеті оңтүстік және батыс бағыттарында белсенді қимыл-әрекеттерге кірісіп, Орта Азия және Оңтүстік Шығыс Европа мемлекеттерімен тікелей байланыс жасауға кіріседі.

Аймақтағы этникалық саяси ахуалдың өзгеруіне сәйкес, XI ғ. екінші жартысында жазба деректерде бұрын осы жерде бұрын аталып келген «Оғыздар даласының» (Мафазат әл-гуз) орнына Дешті- қыпшақ аты пайда болды.

Ертістен Днестірге дейінгі бүкіл территорияны алып жатқан Дешті-қыпшақтың тарихи географиялық облысын шартты түрде Еділ бойы арқылы аса үлкен екі этникалық-территориялық бірлестікке бөлуге болады: басында тоқсоба рулық әулеті тұрған Батыс қыпшақ бірлестігі және Ел-бөрілі руының хан әулеті билеген Шығыс қыпшақ қағанаты.

Сырдария бойындағы Оғыздар мемлекетін, Орта азиядағы Хорезм шахтар және Қарахандар әулетімен соғысқа және соқтығыстарға әкеліп жеткізген. XI ғ. бірінші жартысында буырқанған дауылды оқиғалар қыпшақтар мемлекетін құрудың объективті себебіне айналды.

XI ғасырдың басында Кимек қағанаты құлағаннан кейін Ертістен Еділге дейінгі кең аумақ қыпшақтардың қолына өтті. Осылайша, Қыпшақ хандығы (XI ғ.-1219 ж.) пайда болды. XI-XII ғғ. Орталық Азия мен Шығыс Европадағы түркі тілдес халықтардың ішіндегі саны жағынан ең көбі қыпшақтар болды. Ордасы Сығанақ қаласы.

Қыпшақ мемлекеті өзінің саяси жағынан күшейіп тарих сахнасында

елеулі көтерілген кез XI ғасырдың ортасы.

Қыпшақ хандарының билігі әкесінен баласына мұраға қалып отырған. Хандар шығатын әулеттік ру-ел бөрілі деп аталынған. Махмұд Қашқаридің айтуына қарағанда, XI-XIII ғғ басындағы қыпшақ хандары әулетінің алғашқы атасы Абар хан болған екен (Табар). Орда деп аталатын хан ордасында ханның мал-мүлкі мен армиясын басқарған ханның басқару аппараты орналасты. Әскери-әкімшілік жағынан Қыпшақ хандығы көне түрік дәстүрлерін сақтап, екі қанатқа бөлінген. Оң қанаты Ордасымен Жайық өзені бойында, Сарайшық қаласының орнында, сол қанат-ордасымен Сығанақ қаласында тұрған. Оң қанат екіншісінен күштірек болған. Әскери ұйымдар мен әскери-әкімшілік басқару жүйесіне айрықша маңыз берілген, өйткені олардан көшпелі тұрмыс ерекшелігі толық көрінген және олар көшпелі өмірге мейлінше сай, мейлінше қолайлы болған.

Билеуші ақсүйек топтарының (хандар, тархандар, басқақтар, югурлар, бектер мен байлар) қатал иерархиялық жүйесі айқын көрініп отырған, бұған қоса рулар мен тайпалардың өзі де әлеуметтік маңызына қарай бөлінген. Орталық Азияның көшпелі мемлекеттерінде рулар мен тайпалардың қатаң иерархиясы қоғамдық және тайпалардың қатаң негізгі принципі болды.

Жеріміздегі түркі дәуірінің алты ғасырға жуық (VI-XII ғғ.) мерзім ішінде өмір сүрген түрік, батыс түрік, түркеш, қарлұқ, оғыз, қимақ, қыпшақ және қараған хандықтарының әрқайсысының өздеріне тән дамыған материалдық мәдениеттері болды. Алайда, олардың мәдениеттерін жеке – жеке талдап көрсету мүмкін болмай отыр. Төбе –төбе болып жатқан қыстақ кенттермен қала жұрттарының орындарына жүргізілген археологиялық жұмыстар, түркі тілдес тайпалардың VI-XII ғғ. өзінде тұрақты мекен-жай салып отырықшыланған өмірлерін байқатады. Әсіресе, Қазақстанның оңтүстік және шығыс аудандарында отырықшылық басым болған.

Түркі дәуіріндегі обалардың адамдарды киімдерімен жерленгендер белгілі. Мәселен, Солтүстік, Шығыс Қазақстан жеріндегі зираттардан былғары қамзолдар табылған. Зираттардан жүннен тоқылған көйлектер, теріден жасалған тон, ішіктердің қалдығы кездеседі. Түркілер тамаша етікшілер болған. Табылған аяқ киімдердің ішінде өкшесі биік емес, қайқы бас етіктер және кебіс қалдықтары кездескен. Сол сияқты теріден белдіктер, тамаша безендірілген кеселер де болды. Әсіресе, кеселер алтын, күміс және қымбат бағалы тастармен безендірілген.

Материалдық мәдениеттің көрінісінің бірі сәулет өнері. Тараз маңындағы Бабаджа – хатун кесенесі (X-XII ғғ.) орта ғасырдағы сәулет өнерінің ең ертедегі ескерткіші болып табылады. Осыған жақын орналасқан Айша бибі кесенесі (X-XII ғғ.) және Тараздың өз ішіндегі Қарахан кесенесі де көне заман ескерткіштері.

Сырдария, Талас, Шу, Іле, Испиджаб, Отырар, Тараз, Сығанақ, Баласағұн, Суяб, Мерке, т.б қалалар және егіншілік оазисі мен көшпенділер даласы арасындағы Ұлы Жібек жолында Батыс пен Шығыс арасында қолөнер, сауда және байланыс орталықтары болды.

Сонымен VI–XII ғғ. Қазақстан жерін мекендеген тайпалар қыпшақ – оғыз, қарлұқ-ұйғыр тілдерінде сөйлеп, осы тілдерде тарихи-әдеби шығармалар шығарып, өмір сүрген.

X–XII ғғ. материалдық мәдениетін өркендету ісіне елеулі өзгерістер енгені байқалады. Қазақстанның Оңтүстігі мен Жетісуды халифаттың, Саманилер, Қарахандар мемлекеттерінің саяси экономикалық және мәдени қарым-қатынастары аясына тарту әрекеті біз зерттеп отырған халықтарды Орта Азиямен жақындастырады. Қала мәдениетін өркендетуде енді жаңа дін-ислам маңызды роль атқара бастайды.«Мәңгілік ел – түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Түй-ұқық) негізін қалаған идея...» – екендігін жазған [1, 20-21 бб.]. Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мәңгілік ел – мақсаты түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуға. «Күл тегін» жазуының қазіргі қазақ тілінің нормасына келтірілген Ғұбайдолла Айдаровтың нұсқасында: «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» – деген жолдар бар. Бұл жерде елдің тарих сахнасынан кетпей, сақталуын тілейді. Мәңгілік ел дегеніміз – мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану деп түсінуге болады. Орхон өзенінің бойында Түрік қағанатының Ордабалық деген астанасы болған. Қағанаттың хан ордасы мемлекеттің ішкі ядросы. Оны қорғайтын арнайы полиция(тұрғақ деп аталған) және оған қоса тұрақты әскер (шерік деп аталған) пайдаланылды. Ішкі қорғаныс деп атаған екінші шеңбер белдеуін түрлі тайпалар қорғап тұрды. Үшінші шеңберде он-оқ Түркештер тұрды. Қырғыздар, Кидандар, Татабилер, Таңғыттар, Басмылдар да үшінші шеңбердің қорғаушысы болды. Осы үш шеңбер тұтас империяны қорғап тұрды. Түріктер осы 3 шеңберді орнатып болған соң, «Мәңгілік ел» идеясын нық бекемдейді.

Ғұлама ойшыл, сазгер, қобыз жасаушы Қорқыт бабамыздың өлімге қарсы тұрып, мәңгі өмірге ұмтылуы, тек Қорқыттың ғана емес, сол замандағы билеушілердің елдің мәңгі өмір сүруін қалағандығын білдіреді. М. Әуезов Қорқыттың мәңгілік өмір туралы толғаныстарының негізгі философиялық түйініп аша келіп, оның болашақ ұрпақ үшін дүниетанымдық маңызы зор,

мәңгілік мұра екенін атап өткен. Қазақ халқы арасында тараған аңыздардан Қорқытты бірде айтулы күй атасы ретінде көрсек, енді біразында ол өлім атаулыға қарсы шара іздеген қамқоршы ретінде көрінеді. Қорқытты мәңгі өмірді іздеген, бақилық болғысы келмеген деген түсінікті, халқына жерұйықты іздеген Асан Қайғымен түсіндіруге болады. Асан Қайғы өз халқы үшін ең қолайлы, ең құнарлы жерді іздегендігі белгілі. Утопиялық көзқарастағы Асан қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты, халқының жайлы жерге қоныстанып, болашақта мәңгі ел болуын қалаған.

Көрнекті еуразияшыл ғалым, тарихшы-этнолог Л.Н.Гумилев «От Руси к России» атты еңбегінде: «Еуразия құрлығы үш рет біріктірілді. Алғашында оны Ұлы Түркі қағанатын құрған көне түріктер біріктірді. Түріктерден кейін Шыңғыс хан бастаған монғолдар, кейіннен Ресей өз қолына алды» – дейді. Л.Н.Гумилев еуразия құрлығының бірлігі, мәңгілігі туралы ойын көне түріктерден бастайды. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен қалыптасып жатқан Еуразиялық идеясының негізінде Ресейлік емес, түріктік ынтымақтастыққа қол жеткізіп, көне түріктердің мәңгілік ел идеясының өміршеңдігін дәлелдеуіміз керек. «Тұтас түрік елі» идеясынан «біртұтас Түркістан» идеясына дейінгі бабаларымыздың атқарған істері едәуір. Елбасы Түрік бірлігі идеясын тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап көтеруде. Ел азаматтары мен Қазақстан саяси элитасының ұлттық идеология қалыптастыру жолындағы ойларын Елбасы сараптады. «Біртұтас Түркістан идеясы», «Түркістан конфедерациясы», «Еуразиялық одақ идеясы», «Қазақстандық ұлт идеясы», «Жерұйық», «Атамекен», «Қазақ Елі идеясы» сынды ұғымдар арқылы мемлекет құрушы қазақ халқы мен тарихи тағдыр тоғыстырған ұлттарға ортақ боларлық идея, мемлекеттік мәнге ие боларлық идеология қарастырылды. Мәңгілік Ел идеясы – қазақ ұлтының мақсат-мүддесіне және елімізді ортақ Отан еткен жүз отыздан астам ұлттар мен ұлыстардың ұлттық идеясына негізделген идеология болатынына сенуге болады.

Еуроцентристік көзқарас бойынша түркі тілдес халықтардың ынтымақтастығына деген сын айтушылар көп. Түркі интеграциясын Т.Рысқұлов пен М.К. Ататүрік бастаса, кейін нақты практикалық шараларды қолға алған ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың шешуші саясаты өз жемісін берді. Н.Ә. Назарбаевтың түрік халықтарының бірлігін нығайтудағы тарихи рөлінің қаншалықты маңызды болғанын аңғаруға болады. Қазақстан Халықаралық «Түрксой» ұйымына қолдау көрсетіп, түрік дүниесінің барын бағалап, жоғын түгендеуге жол сілтеді. Халықаралық аренада Қазақстанның беделі нығайған сайын, түрік мемлекеттерінің бірлігі идеясы ашық әрі табанды насихаттала бастады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Тарихтың алға қойып отырған өктем талабы әрбір түрік еліне әртүрлі салада саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық тәсілдермен бірігу проблемасын шешудің бәріне бірдей тең институттық тетіктерін жаппай-тұрмай іздестіруді міндеттейді» [5,120 б.], – дей отырып, түрік мемлекеттері интеграциясының тиімді жолдарын іздеу қажеттілігін көрсетті.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2000 жылы 14-желтоқсанда латын алфавитіне көшу мәселесіне қатысты өз пікірін білдіре келіп, өте мұқият дайындықтан соң латын алфавитіне көшетінімізді айтты. Бұл жерде Тоныкөк негізін салған «Мәңгілік ел» идеясын қалпына келтіруші, жандандырушы Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың қазақ халқына славяндық кириллица емес, түркі тектес бауырларымыз қолданатын латын қарпіне көшудің қажеттілігін айтты. «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Түркі халықтары жұмылған жұдырықтай болып біріккен кезде геосаяси өмірге тең құқықты субъект ретінде ықпал ете алады, мәдени әлемдегі өзара қарым-қатынастарда қайдағы бір енжар, ынжық элемент ретінде емес, өзгелермен терезесі тең тұлға ретінде бой көрсете алады. Бұл бағыттағы алғашқы игі қадам ортаазиялық одақтың құрылуы болды. Оның шеңберінде біздің бәрімізге ортақ мәдени ұқсастығымызды жете сезіну арқылы деңгейіміздің көтеріле түсетіні сөзсіз» – деп түрік бірлігінің болашағына зор үмітпен қарады [5, 121 б.]

Қазіргі кезде, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жүргізілген түркі тілдес мемлекеттерді жақындастыру саясаты, елімізді Орталық Азияның көшбасшысына айналдыру идеясы өз жемісін берді. Оған Түркістандағы Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің ашылуы, 2009 жылы Түркияның «Түрік ошақтары» қоғамдық ұйымынан Н.Ә.Назарбаевқа «Түркі әлеміне қызмет» марапатының берілуі, Астанада Түркі академиясының ашылуы, сонымен қатар, Анкара қаласындағы «Генчлер» саябағына Н.Назарбаев ескерткішінің орнатылуы, Түркия Президенті Абдулла Гүлдің Президент Н.Назарбаевты «түркітілдес халықтардың көшбасшысы» деп бағалауы – Елбасының түркі әлемін біріктіру, экономикалық және мәдени салаларды тығыз байланыстыру жолындағы тарихи еңбегіне берілген әділетті баға болды. Елбасының түркі интеграциясы жолындағы қызметінің мақсаттарының бірі – экономикалық ынтымақтастыққа негізделген.

2012 жылдың 12-желтоқсаны күні Түркия астанасы Анкара қаласында Лев Гумилевтің 100 жылдығына орай өткен «Лев Гумилев және оның түркологиялық ғылыми мұрасы» атты конференцияда Алтайлық түркітанушы Беликовтың: «Бүгін Мая күнтізбесі бойынша тұтас бір кезең аяқталып, түркі жұртының дәуірі басталды!» – деген жалынды сөздері барша түркі халықтарын дүр сілкіндіріп, ертеңге деген ерен сенім ұялатып

отырғаны аян. ХХІ ғасырды Түрік мәдениетінің ғасыры болады деп болжам жасаушылардың қатары күн санап артып келеді. Осы орайда Түркі кеңесі Бас хатшысының орынбасары, түркітанушы ғалым Дархан Қыдырәлі: «Енді осы Еуразиялық кеңістікті толтыра беруіміз керек. Түріктің бойындағы пассионарлық қасиет қайта оянууда. Түркі мәдениетінсіз, түркілік санасыз, түркі тарихынсыз Еуразия кеңістігін елестету мүмкін емес. Ежелгі түркілер, сақтар мен скифтер, ғұндар мен қыпшақтар Еуразияның ең даласын еркін қоныстанған. Бүгінгі түсінікпен алғанда, Алтын Орданы да Еуразиялық мемлекет деп атауға болады. Біздіңше, Шыңғысхан идеялық тұрғыда ұлы түркілік идеяны көтеріп, қос мұхиттың арасын мекендеген халықтың жадындағы тарихи сананы қайта жаңғыртқан», – дейді.

Белгілі тарихшы, 1837-1847 жылдардағы Кеңесары Қасымов бастаған қазақтардың көтерілісі жайында диссертация жазған ғалым Елтоқ Ділімұхамедовтың қызы Эльза Ділімұхамедова Л.Н.Гумилевтен сұхбат алады. Лев Николаевич Гумилев «Қазақтың пассионар тұлғасы кім?» деген сұраққа: «Ол, әрине, хан Кенелерің» деп жауап беріпті. Эльза Елтоққызы «Қазақстанды алда не күтіп тұр?» деп сұрайды. Сонда ол: «Қазақстанда таяу уақытта мықты серпіліс, пассионарлық дүмпу болады» деген екен. Бұл жерде Л.Н.Гумилевтің этностардың өмір сүруі теориясы бойынша әрбір ұлт, әр халық 1200-1500 жылдай өмір сүреді. Осы кезеңде халықтың туып, өсіп-өркендеп, даму шыңына жететіні, содан соң біртіндеп құлдырап құрдымға кететіні дәлелденген. Осы эволюциялық үрдіске 1500-дей жыл кетеді екен. Ал Қазақ хандығы XV ғасырдың ортасында құрылды. 14 ғасырдың орта шенінде қазақ халқы пайда болады. Соған қарағанда, халықтың даму жолының шырқау шегіне жақындап қалдық деп ойлаймын. Эльза Ділімұхамедова Гумилевке тағы да бір сұрағын қойып, «халықтың күшейіп бара жатқанын қалай білуге болады?» дейді. Сонда ғалым: «Оның белгісі сол жерде алқалы жиындар өтеді. Халық пассионарлық болып жатса, тарихын зерттейді. Пассионар тұлғалар көбейеді. Алдымен бір адам туады, ол өз ойларымен екінші адамның ойын қозғайды. Және адам баласының ойына келмейтін биік мақсаттар қойып, елді жұмылдырып, соған қол жеткізеді. Міне, пассионар халықтың белгісі осындай» деген екен [6].

Гумилевтың айтқан сөздері жаңа дәуірге қадам басып жатқан Қазақ елінің қазіргі жағдайымен тұспа-тұс келеді. Гумилевтың «алқалы жиындар өтеді» дегені түркі ұрпақтарының ынтымақтастық жолында атқарып жатқан шаралары болса, «тарихын зерттейді» дегені түркі академиясының құрылуы және де 2013 жылы 5 маусымдағы М.Тажиннің ұлттық тарихты зерделеу бағдарламасының жариялануы, сонан кейін, «бір адам туады» дегені Ұлт Көшбасшысының дүниеге келуі, сонымен қатар, «адам баласының ойына келмейтін биік мақсаттар қойып, елді жұмылдырып, соған қол жеткізеді»

дегені Елбасының Қазақстан 2030 стратегиясын мерзімінен бұрын аяқтап, дамыған 30 елдің қатарына кіру бағытын алға қоюы деуге болады.

Көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш негізден тұрады: оның біріншісі – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы, екіншісі – Әл-Фарабидің «Қайырымды қалада» философиялық шығармасында, әсіресе, бұл идеяның теориялық-методологиялық тұрғыдан тиянақталуы және үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты Білік» дастаны. Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр.

Әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасап берді. Ғалым «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» шығармаларында баяндайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім – Әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдері көрсетілді. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда түркітілдес мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс. Фараби мемлекеттің міндетін және оның ішкі және сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Сыртқы міндеті ретінде мемлекеттің қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни күшті қорғаныс ұйымдастырумен жүктеледі. Ішкі міндеті ретінде мемлекеттің өз халқының бақытқа жетуі үшін көрнекті шараларды іске асыру керек: олар – әділеттілікті орнату, халықты оқыту, оларды керекті ғылыммен толықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы бақытқа жеткізетін әдеттерді бойға сіңіру. Қалған мәселелердің бәрі – экономикалық және саяси мәселелер –

негізгі міндетке бағынады, яғни адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді.

«Құтты білік» дастаны Қарахан мемлекеті түріктерінің тілінде жазылғаны белгілі. Жүсіп Баласағұн «Құтты білікті» 1069-1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың ішінде Қашқар қаласында аяқтаған. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы, араб-парсы әдебиетінің көшірмесі емес. Дастанда X–XI ғасырлардағы Жетісу жерінде тұрған тайпалардың салт-санасы, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері көп жырланған. «Құтты білік» кейіпкерлерінің есімдері де бұрынғы тәңірілік дін нанымдарына қатысты. Басты бейне Құнтуды – әділ ел басшысының рәмізі. Бұл бейне «Күлтегін» («Түркі қағанаты туралы сөз») жазуларынан басталып, әл-Фараби мен Қожа Ахмет Иассауи армандаған түрік мәдениетіндегі үлгі, мұрат тұлғаның бастысы. Жүсіп Баласағұнның басты кейіпкер қылып Күлтегінді көрсетуі түркі мәдениетін жалғастырушы, мәңгілік ел бағдарының қолдаушысы екендігін айқындайды.

XVIII ғасырда Қазақ хандығының басын қосып, Айдаһардай Қытайдың аузына түсірмей, ақырған аюдың тырнағынан аман алып қалған Абылай ханның саясаты түркілік мәңгілік ел идеясын жандандырушы тұлғаның ерлігі. Шығыстағы ежелден дұшпанымыз қытайлар жоңғарларды қазақ жеріне айдап салып, сол арқылы қазақ жерін де, жоңғарларды да өзіне қарату еді. Осы соғыста не қазақ, не жоңғар, болмаса екеуі де құруы керек екендігі алпауыт елдердің жаттанды саясаты еді. Бірақ қазақ елі аман қалды. Қазақтың бақытына орай Абылай хандай дара тұлға тарих сахнасына келді. Нәтижесінде бұл соғыста қазақ емес, жоңғар 1758 жылы тарих сахнасынан мүлдем жойылып кетті. Ел басына түскен үлкен қиыншылықтан Абылай хан бабамыз елді біріктіріп, жұмылдырып, соның арқасында қазақ елін аман сақтап қалды. Ендеше, Абылай хан елді біріктірген ұлы тұлға және «мәңгілік ел» идеясын жалғастырушы екендігін мақтанышпен айтуға болады.

Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды паш етіп тұрған «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының салынуы «Мәңгілік Ел» идеясының мелекеттік идеологияға айналғандығының бір дәлелі. «Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Осыдан кейін, «Мәңгілік Ел» «Алла Тағаланың елі, халқы» дегенді білдіреді және мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген тұмары болады деуге толық негіз бар. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні – мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық

идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті.

Мәңгілік Ел ұлттық идеясы дегеніміз – өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алдаберген М. Н. Қазақ Елі – «Мәңгілік Ел» идеясы: қалыптасуы мен дамуы. – республикалық ғылыми- тәжірибелік конференция материалдары. Шымкент. 2014ж. I бөлім.
2. Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М.-Л., 1964, с.155, 158
3. Смайыл А. Мәңгілік Елдің тұғыры-мықты мемлекет.-// Егемен Қазақстан. 25 ақпан. 2015ж.
4. Мусин Ч. Қазақстан тарихы А., 2008ж.
5. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – А., 1999
6. Күлтегін Тоныкөк: Ежелгі түркі рун жазбалары. Алматы, «Өлке» баспасы, 2001ж.
7. Kazakhstan and Russia: Experience and Prospects of Transfrontier Cooperation (1991-2015), International Journal of environmental and science education 2016, VOL. 11, NO. 17, 9669-9677.

АЛДАБЕРГЕН М.Н. ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

В статье содержатся сведения о становлении национальной идеи казахов «Мәңгілік Ел» с учетом положений, сформулированных в стратегии Президента РК «Қазақстан – 2050»

***Ключевые слова:** идея «Мәңгілік Ел», независимый тюркский каганат, тюркологическая наука, кипчакский этнос, конфедерация карлуков, государство огузов, городская культура, евроцентристские взгляды и т. д.*

ALDABERGEN M.N. POLITICAL BACKGROUND IDEAS «MANGILIK EL»

This article contains information about the formation of the national idea «Mangilik El» Kazakhs, taking into account the provisions set forth in the President of Kazakhstan Strategy «Kazakhstan – 2050»

***Keywords:** the idea of «El Mangilik» independent Turkic khanate, tyurkologiicheskaya science, ethnicity Kipchak confederation Karluk state Oguz, urban culture, eurotsentristskaya views, etc...*

ӘОЖ 101. 8:316+37(574)

ҚАЗАҚСТАНДА ФИЛОСОФИЯ ПӘНІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА Қ.Ш.БЕЙСЕНОВТИҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

АРЫНҒАЗИЕВА Б.Б.

Бұл мақалада, философия ғылымдарының докторы, профессор Қасымбек Шайжанұлы Бейсеновтің (1949-2011) еңбектеріне философиялық тұрғыдан тұңғыш рет талдау жасалып, оның Қазақстанда философия пәнінің қалыптасуына қосқан үлесі баяндалады. Ғалымның білгірлігі мен ойлылығы, сараптау мен топтауға, тұжырымдамалар жасауға ерекше қабілеттілігі айтылады. Сонымен қатар, Қасымбек Шайжанұлының қазақтың кең даласындай жаны жайсаң, көңілі дархан, шуағы мен нұры мол, айналасындағыларға мейірім мен ізгілік сыйлай алатын тамаша адам болғандығы жазылады.

Кілт сөздер: *ізгілік, қазақ философы, пенде, жауапкершілік, ой кешу, қасиет, рәміз, тернарлық әлем, мәдени дисперсия, синкретизм, ілкі тек, автохтонды мәдениет, генеалогиялық сана, архетип, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, адамгершілік, кеңпейілділік.*

Мен, 1990 жылы тамыз айында Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтынан (қазіргі Қорқыт атындағы КМУ-нен) Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы педагогикалық институтына (қазіргі ОҚМПИ-на) ауысып келгенімде, Қасымбек Шайжанұлы Бейсенов «Философия» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарушы еді. Жаңа ортаға келгендегі менің байқағаным, ағамыздың байыпты сөйлеу мәнері, ерге тән табиғи паңдық қасиеті бірден назарға ілікті. Таныса келе ғалымның өз ісіне берілген маман екендігін, ғалымдар мен ғылымдар арасындағы қарым-қатынасты және қарамағындағылармен байланысты нығайтуға деген ықыласын көріп риза болдым. Ол кісі аяғын қалай болса солай басатын жай пенде емес, сәл ағаттығы ұятының құзына құлататын ізгілік үшін жауапкершілікті пенде еді. Менің ойымша, Қасымбек Шайжанұлының ұлттық философия биігіндегі тұлғалар легінен көрінуіне ықпал еткен фактор – қазақ әдебиетімен жас кезінен танысып, қазақ дүниетанымына терең мән бергендігінде. Тіл мен әдебиет өмірмен қалай біте қайнасып жатса, ағамыздың да философиясы өмірлік мәселелер, ғұмыр философиясымен етене тығыз жанасқан. Шындығына келгенде, бұрынғы «аударма философия» дәуірінде орнығып қалған «өмір философиясы» деген тіркес орнына «ғұмыр философиясы» [1, 27 б.] сынды терең мағыналы, үйлесімді, тілге жатыңқы сөз тіркесін қолданған және өзінің көптеген еңбектері арқылы оны ғылыми айналымға енгізіп, көпшілікке танытқан Қасымбек Шайжанұлы десем, артық

айтпадым деп ойлаймын. Менің осы естелік-мақалама сол ардақты азамат, халқымыздың бетке ұстар ғалымдарының бірі – философия ғылымдарының докторы, профессор Бейсенов Қасымбек Шайжанұлы (1949-2011) болмақ. Ол кісі – жақсы адам еді. «Жақсы адам» дегеніміз көлгірсіген мақтау тізбегінен тұратын анықтама емес, ол – ауыр жүк арқалау деген сөз. Қасымбек ағамыздың өз мәнеріне салар болсақ: жақсы адам өз жеке басының тұрғысынан емес, бүкіл адамзат тұрғысынан ойланатын, адамгершілік тағдыры үшін қам жейтін қамкөңіл жан.

Жасыратын несі бар – ақпарат тасқыны ұлғайған сайын сол ақпаратты қабылдап, игеріп кетудің өзі қиындаған заманда, көптеген ғалымдарымыз басқа ғылым саласындағы әріптестері тұрмақ, өз саласының мамандарының ізденістерін атүсті жүрдім-бардым қарайтыны жасырын емес. Сондай шақта философия ғылымы, оның ішінде, қазақ философиясы бойынша еңбектер (1994 ж. «Қазақ топырағында қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістері» мен 2002 жылы жарыққа шыққан «Қазақ билерінің ойханасы») жазған ағамыз іргелес жатқан гуманитарлық ғылымдарға назар аударып, пәнаралық байланыстар дәнекерлеп, оның дүниетанымдық деңгейін, уақыт талабына сай жан-жақты таныта білді. Ғылымдағы алғашқы қадамын Қ.Ш.Бейсенов 1979 жылы бейнелеу теориясынан кандидаттық диссертациясын қорғаумен бастап, араға көп жылдар салып, 1994 жылы «Қазақ топырағында қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістері» деген тақырыпта философия ғылымдарының докторы атағын алу үшін даярланған диссертациясын қорғады. Сол қорғауда академиктер: З.Қабдолов, С.Қирабаев, Ж.Әбділдин, Ә.Нысанбаев және т.б. аузы дуалы ағалар қатысып, диссертацияға оң баға берген болатын. Мүмкін, ғалым докторлық диссертациясын одан ерте қорғаған да болар еді, бірақ, сол кездегі кеңестік идеология құрсауында жоғарыда келтірілген тақырыпта диссертация қорғамақ тұрмақ, ол туралы ізденіс жүргізудің өзі қиын еді. Ол да болса заманның шығармашылық тұлғаға жасаған қыспағы, тигізген әсері болар... Сондай заманда Қ.Ш.Бейсенов студенттерге философия пәнінен дәрістер оқу барысында қазақ философиясы туралы тың ақпараттар беру мүмкіншілігін толығымен пайдаланып, өзінің қысқа ғұмырында 100-ден астам мақалалар, 10-ға жуық кітаптар жазған.

Қазақстанда философияның пәндік ерекшеліктерін зерттеу ХХ ғасырдың 50-60-ы жылдарынан басталғаны белгілі. Қ.Ш.Бейсеновтің пікірінше, философияның зерделеу объектісі адамдық айқындықтың негізгі ішкі мәндерін қамтиды [2, 116 б.]. Кейбір философтар өз зерттеулерінде оған пәндік жалпыға бірдей әмбебапты талаптар қоя бастады. Философиялық зерттеу тәжірибесі, сөзсіз, қазіргі динамикалық, қайшылыққа толы және шиеленісіп кеткен әлемді шалып өтеді. Сонда мынадай бір парадокс пайда болады: философияның өзі пән ретінде толық қалыптасқанымен, оның кейбір

ұғымдары қолданудан шығып қалып, философияның пәндік саласында көптеген қайшылықтар пайда бола бастады. Сол кезде, Қ.Ш.Бейсенов жас оқытушыларға «философия пәнін жүргізу барысында ұғымдарды методологиялық тұрғыдан анықтап алуларың қажет, өйткені, олар философиялық рефлексияға жатады» – дейтін. Философия – нақтылы ғылым болып табылғанымен, оның нақтылығы философиялық принциптер мен ұғымдарды адекватты пайдаланумен айқындалатындығы көпшілікке мәлім. Яғни, философия – адамзат ойының, ақылының іргетасы. Ол әр кезде адамды әлем тіршілігінің тұңғығына жетелейтін ой байланысына, ой үрдісіне, ой ағымына негізделіп отырады.

Қ.Ш.Бейсеновтің ғылыми ізденісінің бағыты – қазақ халқының ойлау мәдениетін, құқықтық-саяси санасын философиялық тұрғыдан зерттеп, зерделеу болды. Ғылыми жүйе ретіндегі философияның объектісін қазақ тілінде философиясын жан-жақты талдап, айқындап жазу Қасымбек Шайжанұлының маңызды жаңалығына жатады. Бұл өте маңызды, өйткені, кейбір философтар философия пәнінің, оның ішінде қазақ философиясының белгілі танымдық жақтарының теориялық айырмашылықтарын ескермеді. Ғылым объектісі танушы субъектіден тыс жерде мағынасын жоғалтады, өйткені, философия тарихын зерттегенде әр ұлттың өзіне тән белгілі бір әлеуметтік-мәдени контекстінде қарау қажет. Ғылым пәнін қалыптастыру барысында теориялық тұжырымдамалары бар зерттелетін объекті туралы жинақталған теориялық білімдердің ерекше мәні бар. Таным объектісі осы ғылым зерттейтін қасиеттер, байланыстар мен заңдар, логикалық нысандардың белгіленген жиынтығы болып табылады. Бірдей зерттелетін объектінің арнаулы пәндері әртүрлі ғылымдармен зерделенуі мүмкін. Осылай, философия дүниетанымдық көзқарастан басталып, әр ұлттың өзіне тән ерекшелігін айқындаумен аяқталатын барлық ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, Қ.Ш.Бейсенов философия ғылымының қалыптасуын зерттеуде, яғни, 2005 жылы «Философия тарихы» (өңделіп, толықтырылған екінші басылымы) мен 2007 жылы жарияланған «Ата-жұрт фәлсафасы» атты еңбектерінде, философия пәнінің ғылыми объектісі туралы негізгі ұғымның пайда болуы мен дамуын байланыстырып, таным мәселесін зерттелетін объекті туралы ғылымның даму тарихынан, оның маңызды қасиеттерінен, сондай-ақ, таным барысындағы логикалық нысандарда белгіленген объект дамуының заңдарынан мысалдар келтіре отырып, таным пәнін қалыптастыру барысында пайдаланылатын логикалық құралдар мен әдістерді орынды пайдаланып баяндаған.

1992 жылы жарыққа шыққан «Философия тарихы» атты оқулықтың алғашқы нұсқасы жаңа сарында жазылған еңбек болатын. Бұл еңбегінде Қ.Ш.Бейсенов философия пәні жергілікті және аймақтық мәдениеттердің

сапалы ерекшеліктерін, олардың өзара байланыстары мен мәдениеттің басқа түрлерімен мирасқорлығын, қарым-қатынасын зерттеп, ондағы басты мәдени процестерге ғылыми тұрғыдан талдау жасаған. Философияны тек қана гуманитарлық ғылымдар саласында ғана емес, сонымен бірге, теориялық пәндер қатарына да жатқызуға болады. Өйткені, бұл пән адамзат баласының өміріндегі толып жатқан құбылыстарды жүйелі түрде қарастырады. Ал, мәдени-саяси-құқықтық процестердің мәнін ашып көрсетуде түрлі ғылым салаларының өкілдерінің, атап айтқанда этнографтардың, әдебиетшілердің, социологтардың, құқықтанушылардың, психологтардың, тарихшылардың, демографтардың және т.б. ат салысатынын ескерсек, онда философиямен барлық ғылым саласының айналысатынын айқын аңғаруға болады.

XIX-XX ғасырлардағы жаңа гуманизмнің пайда болуы және классикалық емес мәдениет пен гуманитарлық ілімдердің тұжырымдамасы ретінде қалыптасқан барлық ғылыми жаңалықтардың философияға тікелей қатысы бар. Философияның басты саласының бірі – мәдениет философиясын қамтиды. Философия қоғамда болып жатқан түрлі процестерді (*материалдық, әлеуметтік, саяси-құқықтық, адамгершілік және т.б.*) барынша қамтып, мәдениет дамуының жалпы заңдылықтарын, оның өмір сүруінің принциптерін және бір-біріне этно-әлеуметтік, саяси-моральдық, саяси-құқықтық, ғылыми-көркемдік және тарихи сипаттамаларымен ерекшеленетін түрлі мәдениет түрлерінің өзара байланыстары мен тәуелділіктерін зерттейді. Яғни, философия пәнін айқындау үшін оның барлық ғылым саласымен байланысын және арақатынасын қарастыру қажет. Философия пәнінің қалыптасу қисындарын қысқаша тұжырымдасақ мынадай формаларды атап өтуге болады: натурфилософия – метафизика – классикалық философия – классикалық емес философия. Мәдениет философиясы осы классикалық емес философияның бір тармағы ретінде пайда болды. Қ.Ш.Бейсенов осы екі пәннің арақатынасын «Философия тарихы» атты оқулығында былай зерделейді: «Мәдениет философиясы ілімі Батыс елдерінде мәдени антропология (*адам туралы ілім*) құрамында қалыптасқан. Мәдениет – ашық жүйе, оның негізгі мақсаты – өзін басқаға жеткізу, ол монологтан гөрі диалогқа-сұхбаттасуға жақын» [2, 248б.]. Сондықтан, мәдениет философиясында өзін-өзі тарату (трансляция) мақсаты алдыңғы қатарға шығады және бұл жерде осы мәдениетті тарату құралдары (*таңбалар, рәміздер, жибадаттық әдет-ғұрыптар және т.б.*) мен оның ішкі мән-мағынасы (*менталитеті, ділі, діні, санасы және т.б.*) бірдей қызмет атқарады [3, 64 б.]. Осы тұрғыдан мынадай тұжырым жасауға болады: мәдениет философиясы мәдениетті нақтылы тарихи-әлеуметтік процесс түрінде қарастырады. Бұдан жалпы философиялық ілімдер мен мәдениет тарихы арасында белгілі бір алшақтық туады. Мәдениет тарихы мен

мәдениет философиясы мүлдем тұтасып кетпеген. Олардың мынадай өзіндік ерекшеліктері бар: а) егер, философия өз мұратында объективтілікке, жалпыламалыққа, әмбебаптылыққа ұмтылса, мәдениет тарихына типтілік, интровертивтік (ішкілік), субъективтік тән; ә) тарихилық және логикалық ғылыми тәсілдерінің арақатынасын салыстырсақ, онда философия негізінен логикалық тәсілге жүгінетінін, сонымен қатар, тарихи әдістің басым болатындығын байқаймыз; б) мәдениет философиясымен салыстырғанда мәдениет тарихында аксиологиялық (құндылықтар теориясы), психолінгвистикалық және герменевтикалық (түсіндірмелік) сарындар басым.

Қарастырып отырылған мәселеге тікелей қатысы бар болғандықтан Қ.Ш.Бейсеновтің қағидаларын толық келтіруге ұмтылдым. Философия ең бірінші кезекте мәдени шығармашылықтың нәтижелерімен, музыка, кескіндеме туындыларымен және т.б. байланысты болса да, оның басты мақсаты тереңде жатыр, дәлірек айтқанда, философия – мәдениеттің рухын игеру болып табылады. Бұл жағдайда мәдениетті игерудің сұхбаттық жағы келіп шығады. Ол білім беру мен тәрбиенің, адамның адамгершілік тұрғыдағы қарым-қатынастарының дәрежесіне байланысты болып келеді. Ең соңында мәдениеттің негізі, оның түйіні мен маңызы туралы мәселе келіп туындайды. Ғалымдар оны тілмен де, рәміздік жүйесін қабылдаған ұлттық психологиялық түрмен және сакрализация тәсілімен және т.б. байланыстырады. Қалай болғанда да дүниенің тұтастығы, қоғамның интеграциялық негізі және этностың рухани кеңістігі мәдени дәстүрлердің дамуында ең басты факторлар болып қала береді. Сонымен, Қасымбек Бейсеновтің ойларын талдаудан кейін, философия пәнінің тұжырымдамасына жақындасақ, оның ғылымның қазіргі жүйесіндегі философиялық мәртебесі туралы көптеген пікірлері бар. Ғылымдарды жіктеу және позитивті бөлу философия пәнін ұғынуда көрініс табады. Батыс елдерінде «мәдени антропология» термині жиі қолданылады. Зерттеушілер мәдени антропологияны этнологиямен теңдестіреді. Мәдени философия спекулятивті ғылым деп жарияланады, оның мазмұны алдыңғы пәндердің теориялық жағдайын қайталайды. Бұл ой жаңадан шыққан емес және позитивизм мен непозитивизмнің белгілі ережелерін қайталайды. Мәдени философияның методологиялық рөлін мойындамау, кейбір ұлттардың өзіне тән мәдениетін құнсыздандыруда кездеседі. Фанон айтқандай, мәдениет экзотикалық әдет-ғұрыптар мен айласыз аңыздардың жиынтығы емес, ол адам болмысында мағына іздеу. Осындай түсіністе философия пәні мәдениет және өркениет туралы барлық пәндердің теориялық синтезі болып табылады. Бұл жерде сциентистик методология басым.

Қ.Ш.Бейсеновтің пікірлеріне сүйене отырып, қазіргі заманда философия мәселелерінің өзектілігі мен ауқымдылығын арттыратын бірнеше мәдени-әлеуметтік, саяси-құқықтық факторларды атап өтуге болады. Алдымен осы факторлардың арасында ғаламдану үдерісінің рөлі ерекше екендігіне назар аударған жөн. Әлемдік қауымдастықты құрап отырған ұлттық мемлекеттер мен аймақтардың бір-біріне өзара тәуелділігінің артуы, олардың жалпыға ортақ экономикалық, саяси-құқықтық ережелері бар бір жүйеге бірте-бірте тартылуы, интеграциялануы дендеп бара жатқан жаһанданудан (*глобализация*) тыс қала алмайтынымызды белгілейді. Ғаламдастыру жөніндегі түрлі көзқарастар болса да, күшті ел әлсіз елге басымдық көрсете алмайтын, барша адамзат жатырқамайтын мәдени-саяси-құқықтық ғаламдастыру негізінде жергілікті ұлттық дәстүрлер мен ерекшеліктерді сақтай отырып, өзге өркениеттен, өзге мәдениеттен таңдап, іріктеп, әлемдік мәдениетте лайықты орны бар, біртұтас ұлттық мәдени кеңістік қалыптастырғаны ләзім. Осыған сәйкес, Қазақстанда мәдени-саяси-құқықтық даму моделіне бағытталған жалпы мемлекеттік саясаттың құралына енетіндер: а) қоғамның жан-жақты дамуының алғы шарты болып табылатын мәдениет тәуелсіздігін сақтау; қоғамның негізгі субъектісі мен объектісі ретіндегі адамның жеке тұлғалық құндылықтары мен шығармашылық дамуын бағалау; ә) қоғамның адамгершілік (*діни, моральдық*) және интеллектуальдық ресурстарын дамыту мен қайта қалпына келтіру жөніндегі қамқорлығын жүзеге асыру. Бұл бақылау орнату үшін мемлекетке адекватты механизмдерді жасауға мүмкіндік береді; б) құқықтық базаларда, қоғамның жоғары дәстүрлі-моральдық құндылықтар мен этникалық нормаларға жетуі; в) негізгі ұлт қазақ халқының мәдени құндылықтарын басшылыққа алу және оны басқа ұлт өкілдерінің қабылдап, бейімделуін реттеу арқылы ұлттық модельді қалыптастыру және т.б. [4, 91 б.]

Бүгінде республика жұртшылығы Қасымбек Шайжанұлы Бейсеновті көрнекті қазақтанушы, қоғамның мәдени-саяси-құқықтық және ғылыми өміріне белсенді араласқан қайраткер, сонымен бірге, қазақ би-шешендерінің мұраларын зерттеген ғалым деп біледі. 2002 жылы жарыққа шыққан «Қазақ билерінің ойханасы» атты еңбегінде дала халқының, оның ішінде билер дүниетанымының құқықтық көзқарастарын, олардың түсініктері мен қағида-принциптері жәйлі мәселені өз дәрежесіне сай ғылыми деңгейге көтеріп, оның қыр-сырын сындарлы тұрғыда ашып көрсетті. Қазақ билерінің көзқарастарын философиялық тұрғыдан зерделеу үлкен дайындықты, парасатты парықты, жүйелеп ойлай білу машығын ғана емес, сонымен қатар, нақты деректер іздеп, жинау бағытындағы тынымсыз ізденісті де талап етеді. Себебі, сахара жұртының әдет-ғұрып, салт-санасынан туындайтын, әділдік, әділеттілік мәнге ие құқықтық сезімдері, ауыз әдебиетінің үздік үлгілерінен

құрылған ой-байламдары мен таным-түсініктері, қағидалары бір жүйеге түспеген шашыраңқы күйде халықтың сан-салалы рухани мәдениеті нұсқаларының өн бойында өріліп жатқан болатын. Сондықтан, бұл материалдарды қазақ халқының таным-түсініктерінің қалыптасуы, дамуы және солардың көрінісі тұрғысынан арнайы ғылыми сараптауға салу Қ.Ш.Бейсеновтің еңбегінде нәтижелі табыстарға жетті. Фольклорлық, халық творчествосы сипатындағы материалдар нақты тарихи деректермен салыстырылып, ғылыми сарап тезіне төтеп бере алатын жәдігерлермен толықтырылып, соларға негізделген тұжырым-байламдар аясында пайдаланылып, билер сөзі (*ойлары*) философиялық тұрғыдан зерттелген. Қазақ билері, мен ақын-жыраулары бас-басына дербес философиялық жүйе түзген жоқ [4, 31 б.], алайда, қазақтың рухани әлемі сүттей ұйыған біртұтастылық аясында дамығандығы ақиқат нәрсе. Міне, сол күрделі біртұтастылық (синкреттілік) аясында қалыптасып дамыған қазақи қоғамдық сананың ішінен билер творчествосын жеке дара бөліп алып қарастыруы – билер творчествосының фәлсафалық арқауы болып табылатын билік шешімдерін, сөз саптау үлгілерін, танымдық тағылымын нақтылы әрі тереңдете зерттеу арқылы билер дүниетанымын жүйелеген.

Шын мәніндегі азамат адам не нәрсеге болса да немкетті көзбен немқұрайлы қарай алмайды. Шындыққа сүйіспеншілік, ақиқатқа іңкәрлік танытқан Қасымбек Шайжанұлы мәдени-әлеуметтік бетбұрыс жағдайындағы қазақтың заманауи философиясының арнасын салу мақсатында «Ата-жұрт фәлсафасы» атты еңбегін жазды. Бұл еңбекте қазақ қоғамы, оның саяси өмірі мен рухани болмысы жөніндегі қоғамдық ғылымдарда орныққан кейбір түсініктер мен категориялардың құндылығы қайта бағаланып, дәстүрлі қазақ қоғамының таптық-формациялық теорияға негізделген өлшемдерінен қол үзіп, өркениетті өлшем түрлеріне өтудің кейбір проблемалары өзінің тиянақты шешімін тапқан. Ұлттық дүниетаным мен философияның ұғымдары мен түсініктерін қалыптастыру мәселесі де осы еңбегінде баяндалған. Жалпы, Қ.Ш.Бейсеновтің кітаптарынан – халық, ұлт тағдырына деген шынайы жанашырлығын танимыз. Шынайы жанашырлық байбалам салып, жұртты өре түрегелткеннен гөрі мәселенің байыбына барып, оны мүдделі талдап бергендігінде. Ғалым ағамыздың кітаптарының құндылығы – тарих пен бүгінгі күн болмысының бетпе-бет келуі. Өйткені, әрбір тарихи кезең қоғамға өзінің өткен жолын баяндай отырып, одан шығудың қорытынды жақтарын уақыт ағымына сай өзгеріске түсетіндігін байқатады. Бұл жерден ұғатынымыз, қазақтың рухани мәдениеті шын мәнісінде көшпелі және отырықшы мәдениеттер тоғысуының ұлттық тарихында, ең маңызды бір тәжірибесінің болғандығымен ерекшелінеді. Сондықтан, Қ.Ш.Бейсеновтің «Қазақ топырағында қалыптасқан ғақлиятты ой кешу

үрдістері» мен «Ата-жұрт фәлсафасы» атты кітаптары отандық ғылымда мәдени-философиялық қырынан әлі жеткілікті зерттеле қоймаған мәселеге қатысты сұранысты қанағаттандыратын еңбек деп бағалауға болады. Күнделікті күйбеңге толы өмірдегі қарапайым көріністің өзінен пәлсапалық түйін жасау ойлы жанға тән қасиет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бейсенов Қ.Ш. Ата-жұрт фәлсафасы. Монография. – Алматы, 2007. -342 бет.
2. Бейсенов Қ.Ш. Философия тарихы. Оқулық. – Шымкент, 2005. -452 бет.
3. Бейсенов Қ.Ш. Қазақ топырағында қалыптасқан ғәқлиятты ой кешу үрдістері. Монография. – Алматы, 1994. -248 бет.
4. Бейсенов Қ.Ш. Қазақ билерінің ойханасы. Монография. – Шымкен, 2002. - 216 бет.

АРЫНГАЗИЕВА Б.Б. ВКЛАД К.Ш. БЕЙСЕНОВА В РАЗВИТИЕ ФИЛОСОФСКОЙ НАУКИ КАЗАХСТАНА.

Статья посвящена философскому осмыслению весомого вклада доктора философских наук, профессора Касымбека Шайжановича Бейсенова (1949-2011) в развитие философской науки в Казахстане на основе анализа его научных трудов. Автор отмечает глубокие знания, способности к творческому мышлению ученого, которые находили отражение в его научных трудах, объединяющих в себе живость и образность изложения с логичностью и концептуальностью построения философских изысканий. Особое внимание уделяется также описанию личностных качеств К.Бейсенова, который всегда был человеком с открытой душой и большим сердцем, и щедро дарил свое тепло окружающим его людям.

Ключевые слова: добродетельно, казахская философия, развитие философской науки, философия как дисциплина, ответственность, концептуальное мышление, свойство личности, символы, культурная дисперсия, синкретизм, втохтонные культуры, генеалогическое сознание, архетип, тернарный мир, великодушие, обычай, традиция, нрав, человечность, добропорядочность.

ARINGAZIYEVA B.B. CONTRIBUTION OF K.SH.BEYSENOV TO THE KAZAKHSTANI PHILOSOPHY FORMATION

The article is devoted to philosophical conception of Doctor of Philosophy, Professor Beysenov Kasymbek Sh. (1949-2011). His significant contribution in the development of Kazakhstani Philosophy science is obvious with his scientific works. The article author notes the Professor's deep knowledge, ability to creative thinking reflected in his scientific works. Philosophical thoughts are combined with the liveliness and imagery of the logical and conceptual construction. Also, the special attention is paid to describing Professor's personal qualities as a man with an open soul and a big heart, and generously spreading warmth to the people around him.

Keywords: *virtuous, Kazakh philosophy, responsibility, symbols, cultural dispersion, syncretism, autochthonous cultures, genealogical consciousness, archetype, humanity, integrity steppe legends, symbols, label, God, sacred, nomanism.*

УДК 93/94(092)

**НИКОЛАЙ ПАВЛОВИЧ ПОДУШКИН - ПЕДАГОГ, УЧЁНЫЙ,
ЧЕЛОВЕК.**

ПОДУШКИН А.Н., СУГИРБАЕВА Г.Д.

В статье анализируется вклад кандидата исторических наук, доцента Н.П.Подушкина в археологию и педагогическую науку Южного Казахстана. Вместе с тем рассматриваются достижения ученого в области краеведения и религиоведения. Также дана оценка общественной деятельности Н.П.Подушкина как председателя Южно-казахстанского славянского культурного центра.

Ключевые слова: *Археология, экспедиция, ОКАЭ, ескерткіш, андронов мәдениеті, қалашық, зират.*

Н.П. Подушкин родился 1 января 1929 года в городе Талдыкурган, здесь же учился в средней школе им. Абая, которую закончил в 1948 году. По окончании школы Николай Павлович поступил на исторический факультет Казахского педагогического института имени Абая в городе Алма-Ате. Именно в стенах этого ВУЗа молодой студент из сельской глубинки приобщился к педагогической специальности и археологии как науке. Вначале он был участником локальных экспедиций археологического отряда КазПИ под руководством Ивана Ивановича Копылова – педагога и исследователя, принимавшего активное участие в изучении памятников округа Алма-Аты.

Но вскоре, причем уже по окончании первого курса, он оказался в рядах полевой археологической экспедиции, которую тогда возглавлял один из основоположников археологической науки в Казахстане, Александр Натанович Бернштам. Способствовал этому опять же Иван Иванович Копылов, который в тот период, будучи аспирантом, контактировал с Александром Натановичем в Ленинграде, и, поскольку А.Н. Бернштам набирал людей в поисковую археологическую экспедицию по средней Сырдарье, рекомендовал туда Николая Павловича.

В 1949 -1950 годах он был участником ЮКАЭ под руководством А.Н. Бернштама, которая обследовала регион на предмет первоначального изучения археологических объектов бассейна Сырдарьи (от впадения в эту

реку р. Келес и до Отрарского оазиса включительно). Результатом стало выявление в этой зоне большого числа памятников городской культуры, часть которых подверглись топографической съемке, картографической фиксации, рекогносцировочным и стратиграфическим раскопкам (у Чардары – городище Актобе и могильник Узун-Ата, в Отрарском оазисе – городища Отрартобе, Кок-Мардан, Куйрюктобе, Мардан-Куик, городище Алтынтобе и другие).

В полевых сезонах 1950 – 1951 годов Николай Павлович работал в составе Центрально-Казахстанской археологической экспедиции под руководством Алькея Хакановича Маргулана, которая исследовала памятники андроновской культуры эпохи бронзы на территории этого региона. Были открыты и частично подвергнуты раскопкам могильники андроновской культуры по рекам Нура, Шерубай-Нура. Параллельно в 1950 - 1952 годы Н.П. Подушкин участвует в экспедициях ЮКАЭ под руководством А.Н. Бернштама, которая расширяет свои исследования в Южном Казахстане, включая объекты ранней городской культуры и погребальные памятники бассейна р. Арысь: ведутся рекогносцировочные и стационарные раскопки городища Жуантобе, вскрываются погребальные сооружения Борижарского могильника.

В 1954 - 1955 годы в составе ЮКАЭ под руководством А.Н. Бернштама и Е.И. Агеевой Николай Павлович исследует городскую культуру Баба-Атинского оазиса (зона гор Каратау, Сузакский район Южно-Казахстанской области); здесь же он становится руководителем раскопок могильника эпохи бронзы Тау-Тары, а также работает в составе рекогносцировочного отряда, который вел раскопки городища Кумкент.

Надо сказать, что участие в экспедициях конца сороковых – начале пятидесятых годов, где руководители и коллективы представляли собой исключительно интеллектуальное сообщество (чего стоят только имена А.Н. Бернштама, А.Х. Маргулана, Е.И. Агеевой, К.А. Акишева и других), сформировали Николая Павловича не только как человека, но и профессионального ученого, который знания и навыки, приобретенные в полевых экспедициях, использовал на протяжении всей своей жизни.

Например, уже тогда он научился фотографировать (и освоил все стадии получения фотографий) и активно применял свое умение на практике, что для полевой археологии, где элемент фиксации всех циклов работ обязателен, немаловажно. Сложно сказать, каким образом у очень скромно одетого и малообеспеченного материально студента появился фотоаппарат (по тем временам – вещь достаточно дорогая), но почти всегда Николай Павлович был со знаменитым в те годы пленочным «Зенитом», которым всегда снимал. В результате сейчас мы имеем бесценные черно-белые

фотографии жизни, работы археологических экспедиций конца сороковых – начала пятидесятих годов XX века, где фигурируют галереи личностей, стоящих у истоков казахстанской археологии, бытовые и рабочие моменты.

Свою поисковую археологическую деятельность Н.П. Подушкин успешно сочетал с научно-педагогической: в 1952-1955 годах он – аспирант по специальности «история» КазПИ им. Абая, а с 1953 года, по окончании института и соответствующего распределения, он начинает свою трудовую деятельность в качестве учителя истории средней образовательной школы № 8 им. Ленина (г. Шымкент; ныне колледж им. М.Х. Дулати).

С 1956 года Николай Павлович переходит работать в Чимкентский педагогический институт, это образовательное учреждение на долгие годы станет местом приложения его педагогических и научных усилий: здесь в 1964 году он основывает Археологический отряд ЧПИ, который успешно функционирует и поныне. Именно с полевой деятельностью этого отряда связана ключевая тематика научных интересов Н.П. Подушкина: он планомерно, на долгосрочной основе стал изучать оседло-земледельческие поселения верхнего и среднего течения реки Арысь. [1] Начались раскопки первых эталонных объектов арысской культуры Южного Казахстана (1964 - 1968 годы: поселение Караултобе, Наймантобе; [2] 1968 - 1970 годы: городище Торткультобе и другие). [3] Результатом этих усилий стала успешная защита диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук на тему: «Ранние оседлые поселения долины Арыси (I – VIII в. в.)» (Институт истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова, Алма-Ата, 1970 год; научный руководитель К.А. Акишев). [4]

Параллельно Николай Павлович активно занимается научно-педагогической деятельностью: в Чимкентском педагогическом институте он ведет несколько ключевых курсов, в числе которых «Археология», «Историческое краеведение», «История древнего мира», самым тесным образом поддерживает связь с другими образовательными, музейными и общественными учреждениями города Шымкента («Детская туристическая станция им. Терешковой», «Южно-Казахстанский областной историко-краеведческий музей», «Общество охраны памятников истории и культуры», средне-образовательные школы города и области).

Он часто встречается с учителями, школьниками, читает публичные лекции на историко-культурную тематику, организовывает в стенах некоторых школ и учреждений краеведческие уголки и музеи (СШ № 8; СШ №5; детская туристическая станция). Аналогичный археологический центр-музей он создает в ЧПИ, и этот центр на многие годы становится своеобразной первоначальной «кузницей кадров» в сфере региональной археологии: здесь студенты получали представление о полевой, камеральной

и кабинетно-научной археологии, писали рефераты, дипломные работы на археологическую тематику.

В статье рассматривается исследовательская парадигма ономастического ландшафта Казахстана через осмысление научно-педагогической деятельности доктора филологических наук В.Н. Поповой, использовавшей ареально-ретрогрессивный метод в изучении топонимов.

Ключевые слова и словосочетания: *ономастика, топонимика, личный архив, этнические и языковые контакты, метод исследования, лексикография*

С древнейших времен ученые мира занимались вопросами ономастики, но наиболее интенсивно эта область исследования была разработана в трудах ученых 50-60 годов XX в. В.Н.Топорова, О.Н.Трубачева, Н.И. Толстова, В.А. Никонова и многих других. Казахстанские ученые также обращались к изучению ономастического пространства Казахстана, в частности, А.Абрахманов, Т.Жанузаков, В. Н.Попова, Е.Керимбаев и другие. В семидесятые годы в ономастике был утвержден теоретический постулат «историчности и социальности категории имен собственных», который представлен довольно полно в трудах А.В. Суперанской. Это послужило отправной точкой в сравнительно-исторических и типологических исследованиях ученых России и Казахстана.

В настоящее время наиболее актуальным становится разработка типологического аспекта ономастики, что проявлялось в том, что сходные исторические эпохи, наблюдаемые у разных народов, способствовали возникновению аналогичных классов имен. Поэтому изучение древнейших

пластов ономастики позволяет установить возникновение каждого ономастического класса единиц, выявить относительную хронологию каждого типа с учетом экстралингвистических факторов-миграционных процессов и древнейших историко-культурных контактов. При этом труды казахстанских ученых являются важной теоретико-методологической базой для современных исследований, а имеющиеся картотеки ученых – это фиксация ономастических единиц в различных контекстах.

В первые годы строительства нового независимого Казахстана стало большим событием создание советов по защите диссертаций на соискание ученой степени доктора филологических наук по достаточно редкой в тот период специальности 10.02.20 - сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание, что было обусловлено острой необходимостью в специалистах данного направления и формированием национальной школы по филологическим наукам. Такой совет был создан в КазНУ имени аль-Фараби и возглавила его доктор филологических наук профессор и заведующая кафедрой Общего языкознания Э.Д. Сулейменова.

Право первой защиты в этом совете было представлено педагогу с большим научно-педагогическим стажем ЮКГУ, специалисту в области ономастики Валентине Николаевне Поповой, которая во многом определила направление исследований в аспекте сравнительно-исторического и типологического языкознания. Эта защита стала знаменательным событием в научной жизни Казахстана также в связи с тем, что в качестве официального оппонента в Алматы прилетела из Москвы автор многочисленных трудов, известная всему миру профессор А. Суперанская, которая дала высокую оценку диссертационной работе и в своем отзыве охарактеризовала все значимые результаты и достижения В.Н. Поповой. К этому периоду этимологические разыскания В.Н. Поповой, несмотря на дискуссионный характер исследований, уже были признаны в казахстанской и российской науке.

Символично, что небольшой личный архив В.Н.Поповой был передан мною в дни проведения Международного конгресса библиотекарей, посвященного 25-летию Независимости Республики Казахстан, в Национальную академическую библиотеку Республики Казахстан, которую в настоящее время возглавляет доктор педагогических наук, профессор У.Д.Муналбаева. Это позволит молодым исследователям обращаться к архиву и к различным источникам по ономастике в любое время. Личный архив В.Н.Поповой представляет собой небольшую папку, в которой хранятся фотографии, рукописные и машинописные материалы известного казахстанского топонимиста, и переданные мне, согласно ее просьбе. Этот материал и ее труды позволяют не только сохранить память о замечательном

человеке и большом ученом, но и дать молодому поколению исследовательский инструментарий ученого, ее рукописный текст, свидетельствующие о том, что В.Н.Попова отличалась своей скрупулезностью, детализацией, широтой кругозора и лингвистическим чутьем, хорошим знанием языков и культур евразийского пространства.

Труды В.Н.Поповой сфокусированы в области древнейших этноязыковых контактов и лексикографических исследований топонимов Казахстана. Отдельные постулаты приняты уже как аксиома, а некоторые этимологические разыскания являются дискуссионными, но вместе с тем открывают новые исследовательские горизонты.

Настоящая статья посвящена характеристике деятельности одной из ярких личностей конца XX в. – В.Н.Поповой в целом, поскольку ее лексикографические источники требуют дальнейших исследований и дополнительного издания, а также оцифрования в силу ограниченности тиража и отсутствием ее трудов Интернет-пространстве.

Актуальность трудов В.Н.Поповой к настоящему времени не ослабевает, поскольку, если обратиться к истории нашего государства, то мы заметим, как в течение 25 лет изменился облик нашего государства, появилась новая столица, изменилась языковая ситуация, наблюдается динамика в современных языковых процессах, а в этих условиях важно особое внимание обратить на историко-этимологические разыскания, проводимые казахстанскими учеными в рамках научных парадигм. Особый интерес стали вызывать проблемы именования и переименования различных объектов – улиц, городов, рек. Именно поэтому актуализируется дальнейшее развитие топонимики у истоков которой стояла В.Н.Попова, а также поиск аутентичного материала, доказывающего древнейшие контакты народов, нашедших отражение в ономастическом пространстве Казахстана.

Как известно, топонимика представляет собой интегральную научную дисциплину, которая включает в себя данные трёх областей знаний: географии, истории и лингвистики. Исследование топонимического пространства всегда представлялось актуальным, а в период геополитических изменений и общественных трансформаций, интерес к данной области исследования значительно возрастает.

Не случайно мы обращаем также свое внимание следующим трем важным для топонимических исследований аспектам, связанным с:

(1) личность ученых-топонимистов, изучавших синхронное и диахронное состояние языковых единиц в рамках этой сложной научной дисциплины, предлагающих свои методы исследования языковых единиц, выдвигающих собственные гипотезы, проверенные и верифицированные временем; (2) в рамках действующих семинарах «Эпоха и личность»,

презентация деятельности ученых, позволяющих в ретроспективе увидеть важнейшие события, оказавших влияние на того или иного ученого, а в нашем случае на научную деятельность В.Н.Поповой и анализируемый ею топонимический континуум; (3) анализ этноязыкового сознания через ономастические единицы, представляющего, по яркому выражению И.В. Приваловой, «ансамбль когнитивно-эмотивных и аксеологических структур, национальная маркированность которых обеспечивает их вариабельность от одной культуры к другой» [1, с. 7].

Обратимся к первому аспекту, связанному с личностью ученых, в частности, с удивительным человеком, топонимистом, внесшей огромный вклад в развитие лингвистической науки Казахстана, профессором Валентиной Николаевной Поповой. Кажется, только недавно в канун своего 75-летия в 1997 г. защитила докторскую диссертацию по теме: «Структурно-семантическая природа топонимов Казахстана». Будучи представителем Томской лингвистической школы, в частности, Дульзоновской школы, В.Н.Попова на различных конференциях и семинарах активно общалась с известными топонимистами – С.Умурзаковым, Т.Жанузаковым, К.Конкобаевым, Э.Мурзаевым, А.В. Суперанской, О.А.Султаньяевым, Е.А. Керимбаевым, что позволило ей неоднократно проверять свои гипотезы относительно тех или иных топонимов, гидронимов, соглашаться с ними, дискутировать с ними. При этом она всегда оставляла за собой право настаивать на тех или иных выдвинутых ею предположения относительно этимология языковых единиц, вновь и вновь обращаясь к различным рукописным источникам.

Интересный доклад был представлен В.Н.Поповой на тему «Индоевропейский формат-МАН в гидронимии Казахстана» в 2000 г. на заседании проходивших в Томске XXII Дульзоновских чтений «Сравнительно-историческое и типологическое изучение языков и культур. Вопросы преподавания иностранных и национальных языков», посвященных 100-летию со дня рождения А.П.Дульзона.

В переданной НАБу папке, небольшое наследие личного архива В.Н. Поповой, можно прочитать ее воспоминания о встречах с А.П.Дульзоном, где она пишет: «В 1964 г. я приехала и, буквально, бухнула перед ним специально оборудованный тяжеленный ящик с картотекой топонимов. Он был изумлен, узнав, что содержание составляет более 5000 топонимов. Спросил: «А сколько среди них гидронимов?», оказалось–1800». «Вот этого вполне достаточно, чтобы написать кандидатскую диссертацию». Именно так начинался путь ученого–топонимиста В.Н. Поповой, и сегодня ее достижения представлены в музее г.Шымкент, она является Почетным жителем Шымкента, научные статьи опубликованы в различных журналах и

сборниках конференций. В частности, интерес представляет информационный справочник «Улицы Шымкента», её результаты по топонимам Павлодарской области представлены в двухтомном словаре, который хранится в музее Павлодара. Вся жизнь В.Н. Поповой была связана с двумя городами – Павлодар и Шымкент, чью историю она изучала с любовью и представила в своих трудах.

Следует подчеркнуть, что именно В.Н. Попова, вопреки различным инструкциям и суровости ограничений, бытовавших в советский период, смогла зафиксировать все озера и их индикаторы Павлодарской области. Увы, многих озер уже нет, хотя карта, составленная В.Н. Поповой остается свидетельством и фиксацией гидронимов с их индикаторами. До настоящего времени ученые-топонимисты не столько активны в своей научной исследовательской парадигме прошлых и настоящих времен, а изменения в языковом ландшафте более интенсивны и требуют фиксации и экспертных заключений. С каждым годом актуальность подобных исследований возрастает, поскольку в каждом наименовании хранится память культуры, истории, языков этносов, проживавших на данной территории и мигрировавших в разные времена.

Память о В.Н. Поповой сохранена сегодня и занесена в книгу «Павлодарская область: страницы истории (1938–2008)» в разделе «Знатные люди Павлодара»[2]. В.Н. Попова по крупицам собирала гидронимы этого региона, высказывая свое мнение относительно этимологии языковых единиц, и до настоящего времени карта гидронимов Павлодарской области – это единственный источник, зафиксировавший водные объекты с указанием состава воды.

Собранные ею материалы позволяют восстановить разные страницы истории через их названия, а фактический материал топонимической картотеки В.Н. Поповой составлял около 12 тыс. единиц (гидронимических, оронимических, ойконимических). В своих исследованиях она использовала ареально-ретрогрессивный метод А.П. Дульзона, ей удалось восстановить через названия древнейшие связи тюркских народов, описать этноязыковой топонимический ландшафт древности. В.Н. Попова утверждала: «современная топонимия Казахстана представляет собой многослойное образование, состоящее из разноязычных и разновременных пластов, формирования и развитие которых приходится не на одно тысячелетие и обусловлено множеством экстралингвистических факторов. Лексической основой топонимии Казахстана служит народная географическая терминология, состав которой достаточно сложен и в языковом отношении представляет собой аппелятивы из тюркских, индоевропейских, финно-угорских, монгольских языков. Выделение в особую группу индикаторов

топонимической системы связано с тем, что, как подчеркивает В.Н. Попова «у казахов бытует богато развитая детализация географического объекта, служившая ориентирами при перекочевках», поэтому важен учет всех этих индикаторов для воссоздания истории народа. Интересно, что именно ею введен впервые термин археоним – «тот же топоним, но несущий дополнительную археологическую информацию (Төрткөл букв. «четыре озера» – средневекое фортификационное сооружение с наружными рвами»).

Еще в 60–80-х годах XX в. В.Н. Попова изучала топонимическую систему Казахстана с позиции этноязыкового сознания, хотя сам этот термин она не использовала в своих работах, но ее подходы, объяснения, исследовательский материал являются свидетельством этноязыкового сознания народа, зафиксированного в названиях.

Судя по ее работам, мы можем утверждать, что когнитивно-эмоциональные структуры, национальная маркированность языковых единиц, языковое сознание, сохраняется особенно ярко в ономастической системе. Так, топонимы, гидронимы, урбонимы представляют собой вербальное отражение образов национально-культурного сознания, культурно-обусловленных знаний предков, что формирует национальные когнитивные базы, сохраняющие в памяти народа тот первоначальный смысл, который был заложен при именовании объекта. Подтверждением этого являются научные труды В.Н. Поповой и других ученых, в которых представлены этимологические разыскания нетюрских топонимов (русских, монгольских и других субстратных топонимов) на территории Казахстана и указывается, что «на сложные этногенетические, языковые, геополитические, хозяйственные, культурыне и исторические связи населения Казахстана с этносами Средней и Центральной Азии, Сибири, Дальнего и Арабского Востока, Каказа и др. регионов» [3].

Таким образом, топонимия, согласно исследованиям ученых и, в частности В.Н. Поповой, представляет собой открытую систему, которая тысячелетиями вбирала в себя историю, культуру, быт, традиции, языки, сохраняя при этом в своих названиях этноязыковое сознание предков. Но, чтобы определить это, необходим инструментарий, который позволит в разграничивать единицы или элементы тех или иных единиц, унаследованных от общего языка-предка, и выявить сходства, появившихся в результате языковых контактов. Этим исследовательским инструментарием, языковым видением и чутьем, умением анализировать материал на огромном массиве языковых единиц, выстраивать цепочки различных эпох в результате использования ареально-ретрогрессивного метода, предложенного и обоснованного А.П. Дульзоном, обладала В.Н. Попова [4, с. 50–54] Поэтому

не случайно, и вместе с тем правомерно мы сегодня называем этот важный метод исследования ономастических единиц как ареально-ретрогрессивный метод Дульзона-Поповой.

ЛИТЕРАТУРА

1. Привалова. И.В. Языковое сознание: этнокультурная маркированность (теоретико-экспериментальное исследование): автореф.... докт. дисс.– Москва, 2005.
2. В рамках программы «Прометей» Павлодар УДК 94(574. 25) ББК 63...
do.gendocs.ru/docs/index-306595.htm; Павлодарская область: страницы истории (1938-2008). Т. – Павлодар: ПГУ им. С. Торайгырова, 2007. – 285с.
3. Национальная академическая библиотека. Личный архив В.Н.Поповой// Электронный ресурс. [Режим доступа]: <http://www.nabr.kz/wps/portal/nabrk!/ut/p/b1/04>
4. Попова В.Н. Ареально-ретрогрессивный метод А.П. Дульзона в исследовании субстратной топонимии/Попова В.Н., Осипова О.А. // Вопросы языкознания, 2000.–№3. – С.50–54.

ШАЙМЕРДЕНОВА Н.Ж. МҰРАҒАТТАР МЕН ТҮЛҒАЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІГІ:

Мақалада Қазақстанның ономастикалық ландшафтысының зерттеушілік парадигмасы топонимдерді зерттеуде ареалды-ретрогрессивті әдіс қолданған филология ғылымдарының докторы В.Н. Попованың ғылыми-педагогикалық қызметін ұғыну арқылы қарастырылады.

Кілт сөздер: Ономастика, топонимика, жеке мұрағат, этникалық және тілдік байланыстар, зерттеу әдісі, лексикография

SHAIMERDENOVA N. ONOMASTIC SPACE OF KAZAKHSTAN IN ARCHIVES AND PERSONS: PROFESSOR SKSU V.N. POPOVA

The article examines the research paradigm of the onomastic landscape of Kazakhstan through the comprehension of the scientific and pedagogical activity of the doctor of philological sciences V.N. Popova, who used the areo-retrogressive method in the study of toponyms.

Keywords: Onomastics, toponymy, personal archive, ethnic and language contacts, research method, lexicography

КӘСІПТІК БІЛІМ, БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ

ӘОЖ 372.8:808

**ОҚЫТУ МАЗМҰНЫН МӘДЕНИЕТ КОНТЕКСТІНДЕ
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**

ПОШАЕВ Д.Қ., АХТАНОВА С.К.

Мақалада халқымыздың өмір сүру қалпы, ұстанымдары мен әлеуметтік нормалары басшылыққа ала отырып білім беру мазмұнын мәдениет контекстінде қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік мәселелері қарастырылады.

Тірек сөздер. *Оқыту мазмұны мәдениет контекстінде, оқытудың ұлттық моделі, мәдениеттің функционалдық моделі, ұлттық дүниетаным оқыту мазмұны мен үдерісіндегі мәдениет негіздері.*

Қазақстанның тәуелсіз елге айналып, әлемдік өркениет үлгісіне бет алуы, білім беру саласына бірқатар өзгерістер әкелді. Қоғамдағы орын алып отырған өзгерістер рухани-адамгершілік құндылықтар, күзиреттілікке бағдарланған білім беру, білім сапасын арттыру, мәдени құндылықтарды адам бойына дарыту сияқты жаңа талаптар қойып отыр. Өйткені осы кезеңге дейін, мұғалімдердің, зерттеушілердің назары дәстүрлі орын алып келе жатқан білім беру тағдырына, оны ұйымдастыру формалары мен әдістерін, құралдарын жетілдіру бағытында болып келді. Сондықтанда, зерттеу пәні ешқандай өзгеріске ұшырамады деуге болады. Егер өзгеріс болған жағдайда да, оларға ішінара анықтаулар енгізу бағытында ғана сипат алып отырды.

Осындай мәселенің нақтылы шешімін, білім беру саласында, оқыту мазмұнын құруда басшылыққа аларлық әдіснамалық негіз боларлық тұжырым, ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында орын алып отыр. Онда, ХХ ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? – деген сұраққа нақтылы жауап берілген. Себебі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз әмбебаптылықты таңуында. «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері

тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғы шарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» [1]. Бұл, Қазақты танығың келсе, оның таңдау тарихын біл! – деген сөз.

Жалпы, білім – адамдардың танымын қалыптастыру және соның негізінде дүниені, ондағы құбылыстар мен өзгерістерді танып білуге, оларды өздерінің іс-әрекеттерінде пайдалану мақсатында орын алады. Десекте, білімнің мұндай бағыты, пәннің алғашқы моделі сақталған күйіне сәйкес келетін жағдайда да ғана дәлелді бола алады. Ал, зерттеудің және пәннің де нақтылы даму кезеңдерінде мұндай сәйкестік орын ала бермейді, сол себепті зерттеу пәнінің өзін қайта анықтауға тура келеді және бұл оны қоршайтын әлемге қатынасы мен байланысы арқылы «алдын-ала анықталуды» қажет етеді. Мұндай мазмұндағы алдын-ала анықтау зерттеу пәнін жаңа жағдайға ауыстыратын, ал одан соң қайтадан жаңа зерттеу пәніне айналатын болады. Анықтап зер салатын болсақ, зерттеудің бір ғана жолын таңдауға мәжбүрлік барлығы және ол дәстүрлі түрде зерттеу пәнін өзгеріссіз қалдыратын, тек қана оған анықтылық ендіретін, ал білімнің дамуы оны құрайтын элементтерді бөлшектеу бағытында жүретінін пайымдауға болады. Міне, аталған соңғы жағдай осы күнге дейін білім беруге бағытталған жұмыстарда басымдылыққа ие болып келді. Сондықтанда:

- білім беру институты мағынасына деген көзқарасымызды өзгертуге және оны кең көлемде тарихи-мәдениет контекстінде қарастыруға болмас па?

- білім беру жүйесінің тиімділігіне қатысты көптеген сұрақтардың қиындығы, білім беру ұғымына тар түсінік беру салдарынан болып отырған жоқ па? – деген сұрақтар туындайды.

Білім беру саласына қатысты мәселелер, дәстүрлі түрде мектеп, колледж, жоғары оқу орны және т.с.с. қатысты орын алады да, тиімділігі сол жүйелердің ішкі факторларының салдары ретінде қарастырылады. Ал, шын мәнінде білім беру үдерісі оқу немесе тәрбие мекемелері шекарасынан әлде қайда ауқымды білім алу формалары арқылы толықтырылып және олар қоғам мен адамдардың дамуының кейбір кезеңдерінде олардың қалыптасуын айқындайды. Сондықтанда, білім беру жүйесінен тыс білім беру белсенділігі формалары мен көптеген жаңа түрлерін арттыратын, нақтылы «шығармашылық лабораториялары» орын алатынын ескеруіміз керек.

Білім беру әрекеті және білім беру жүйесі туралы түсініктерді кең көлемде мәдениетпен, жеке алғанда кәсіби, адамдардың табиғи өмір сүру әрекеттерімен байланыста қарастырған жөн.

Кез-келген оқу-тәрбие үдерісінің негізгі ұстанымдарына назар аударар болсақ, олардың көбісі ұрпағымыздың болашақ мамандықтарына қажетті білім, іскерлік пен дағдыларды беруге бағытталғанын аңғарамыз.

Ал, білім массасы күннен күнге өзгеріп те, артып та отырады. Демек, адамдардың өмір сүруіне қажетті білімдерді меңгермесе болмайтын мөлшерін таңдап алу оңайға соқпайды.

Осы тұрғыдан қарағанда, білім түрінде мүмкіндігі барынша көп көлемдегі ақпараттарды алға тартатын, жинақталынған білімдер жүйесін түзетін ғылыми білімдер жүйесі қажет болды.

Кез-келген мамандық қажет ететін білімдер, іскерліктер мен дағдыларды көптеген жылдарда шыңдалған тәжірибелер мұрасынан, әртүрлі мазмұндағы ақпарат ретіндегі білім беру көздерінен бөліп алу қажеттілігі туындады. Білім беру – жаңа ұрпаққа тек бұрынғы және қазіргі мәдениетті мұра ету ғана емес, сонымен қатар, әсіресе, бүгінгі күні - оларды болашақ мәдениет жағдайына даярлау да болып саналады.

Мәдениет – тарихи құбылыс. Оның дәрежесі мен сипаты қоғамдық өмірдің жағдайларына байланысты өзгеріп отырады. Тарихи дәуірлердің алмасуы мәдениеттің мазмұны мен формаларына сөзсіз терең өзгерістер енгізеді. Мәдениетті тұлғалық сипатта қарастырғанда, бірнеше елеулі түсініктерге тоқтала кету қажет, олардың ішіндегі педагогикалық тұрғыдағы маңыздысы - мәдени әрекет. Әрекеттену – жалпы адам мен қоғамның өмір сүру тәсілі, тіршіліктің тірегі. Мәдени әрекет – деп, әдетте, мәдениет игіліктерін өндіруге, таратуға, тұтынуға бағытталған мақсатқа сәйкес әлеуметтік іс-қимылдарды атайды. Мәдени игіліктерді толассыз жасау нәтижесінде адам өзінің де мәдени деңгейін көтереді. Осы әрекеттің қайнары, түпкі қозғаушы күші ретінде ғылым адамның талап-мұқтаждарын, мәдени қажеттіліктерді бөліп қарастырады. Қоғамның даму кезінде, білімнің қарқынды прогресі мен ескі технологиялық идеялардың тез өзгеруімен, инновациялық жаңашылдыққа көшуге болашақ мұғалімдердің іс-әрекетімен байланыстыру ерекше сипат алады [2].

Егер, мәдениет өзгеріске ұшыраса онда білім беру түсінігі де, мазмұны да өзгертін болады.

Білім беру – мәдениеттің бөлінбес бөлігі, ол тек мәдениетке тәуелді болып қана қоймай оған бағыт беріп отырады.

Білім беру жүйелілік сипат алады, егерде аталған жүйені мәдениеттің функциональдық моделі (Э.С.Маркарян) тұрғысынан қарастыратын болсақ, мәдениет – адамдардың нақтылы әрекет тәсілдерін қамтамасыз ететін

құралдар жүйесі екенін аңғарамыз. Мәдениет жүйесінің элементтері болып, оның субъектілері, әрекет құралдары мен оның қолданыс аймағы табылады. Мұндай құралдар – әрекет формалары ғана емес, қажетті білім, іскерлік және дағдылар. Әрекет аймағында әрекет субъектісі мен мәдениет құралдарының мақсаттылық тұрғыдағы байланысы орын алады. Мұнда, жүйені түзетін ұғым «әрекет тәсілі» болып саналады. Әрекет тәсілі білім, адам әрекетінің нормаларынан құралады. Әрекет тәсіліне берілген түсінік «технология» түсінігіне жақын келеді.

«Технология» түсінігін - өнім алу барысында шикізат пен материалдың күйін, қасиеттері мен формасын өзгерту үшін қолданылатын әдістердің жиынтығы – деп, ал технологияның ғылым ретінде атқаратын міндетін – практикадағы ең тиімді өндірістік үдерісті анықтау және оны пайдалану мақсатында әртүрлі ғылыми заңдылықтарды анықтау – деп қарастырған жөн. Яғни әрекет тәсілі нақтылы технологияда іске асырылған мәдениет деңгейімен анықталады. Осы тұрғыдан қарағанда – мәдениет, технология және әрекет тәсілдері өзара тығыз байланыстағы бірқатардағы ұғымдар десек, онда мамандардың кәсіби әрекетін субъектінің нақтылы мәдениет аумағындағы әрекет тәсілін меңгеруге бағытталған даярлығы – деп түсінуге болады.

Мәдениетті эмпирикалық жолмен қоғамдық өмірден ажыратып болмайды. Кең мағынада, мәдениет – адамдардың материалдық өндірісте, әлеуметтік-саяси қарым-қатынастарында, рухани даму аймағында, тұрмыс, адами қатынастар сипатында орын алады.

Сондықтан адамдардың кез-келген қоғамдық өмірі оның мәдени мәні мен құндылықтары тарапынан көрініс табуы мүмкін. Десекте, «мәдениет» ұғымы бір бағытты мазмұнда қарастырылмаған болар еді, өйткені ол көптеген құрылымға ие қоғамдық құбылыс десекте болады.

Дүние жүзілік әдебиетте оның 250-ден 400 -ге жуық анықтамасы бар. Бұл мәселе, мәдениет ұғымының күрделелігімен қоса оның әлеуметтік тұрғыдан көпмәнділік екенін аңғартады [2].

Алғаш мәдениет туралы түсінік адамдарда олардың еңбек іс-әрекеттері барысында: адамның жасаған, істеген істерінің нәтижесі сипатында орын алды. Мұнда адамның өзіне-өзінің, жасаған іс-әрекетіне, өзінің белсенділігіне тәуелділігін түсіну арқылы көрініс тапты. Сондықтанда латын тілінде «мәдениет» көп жағдайда топырақты өңдеуге, жерге қатысты еңбек мағынасы тұрғысында орын алуы бекер емес.

Жалпы ғылыми-техникалық прогрестің дамуы негізінде қоғамның алға жылжуы да осы тұрғыдан түсіндірілетінінің де мәні бар. Ал қоғамдағы мұндай прогресс қоғам мүшелерінің білімділігі мен сауаттылығына саяды. Олай болса, ақылды да «өңдеуге» болады, мәдениет ұғымын білімділікпен,

ағартушылықпен, адамдардың тәрбиесімен байланыстыруға болады. Өйткені кез келген профессиограмма компоненті болып мәдениет табылады.

Біздің ең негізгі мақсатымыз ұлттың болашағы болғандықтан, іске асаратын әрекеттерімізде, білімнің ұлттық сипатын, рухани мазмұнын қамтамасыз етуімізге алып келеді. Ол үшін, білімнің ұлттық жүйесін қалыптастыру мәселесіне көңіл аударылуы керек. Өйткені, қазіргі білім де, білім беру жүйесі де Кеңес одағының бірыңғайландырылған, бірқатар педагогикалық принциптері жағынан Кеңестік азаматты қалыптастыруға ыңғайландырылған жүйе екендігіне көзіміз жетіп отыр. Міне, осыдан кейін-ақ, білім берудің мәдениет қалыптастырушы функциясын анықтау қажет екеніне барлығымыздың көзіміз жеткендей болып отыр. Мұнда, білім мен тәрбиенің түпкі мақсаты – ұлтымыздың рухани өмірін сақтап қана қоймай, оны байытып, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тарихи құндылықтарын, әсіресе сана-сезімін қазіргі адамзат өркениеті биігіне көтеру деп түсіну керек. Осы жерде тағы бір айта кететін жайт, осы күнгі алған білімдеріміз тез естен шығып қалады, ал ұлтымыздың салт-дәстүрі, фольклоры осы күнге дейін ұмытылмай келеді. Өйткені, олар ұлтымыздың өмір сүру қалпын түзеді. Сондықтан да, дәстүр – білім алудың әдіснамалық негізі болуы керек. Дәстүр субъективті факторларға тәуелді болғанымен, кең мағынада алғанда объективті құбылыс. Сондықтан да оны қоғам және уақыт сипаты анықтайды. Десекте, білім беру саласында жаңа оқыту құрылымын жасауда жоғары белсенділік, инновациялық ұстаным жасауға батылдық көрініс таппай отырған сияқты.

«Инновация» – латын тілінен аударғанда жаңарту, жаңалық, өзгерту – деген мағынаны береді. Олай болса, бүгінгі күн талабы ретінде, оқыту үдерісін ұйымдастыруда білім беру, оқыту мазмұнының ұлттық идея, ұлттық құндылықтарымыз негізінде ашылуы уақыт ұттырмайтын мәселе.

Жалпы, қазіргі білім жүйесін жетілдіруде, дамудың ортақ деңгейіндегі ұғымдар мен ғылымдардың жиынтығы «өркениет» деген нәрсені дүниеге алып келгенін ескеру керек. Десекте, тіпті, өркениеттік бізді білімді еткенімен мәдениет, дәстүрден, әдет-ғұрыптан қашықтауымызға алып келгенін жасыруға болмайды. Өркениет – оқыту әдестері арқылы біздің санамызда қалыптасқан ұғымдар жүйесі және олардың көрініс ретіндегі техникалық, технологиялық, экономикалық және ұйымдастырушылық білімдеріміз бен біліктіліктеріміздің жинағы. Ал, мәдениет – әрбір ұлттың өзіне ғана тән сезімдері жинағы. Сондықтан ақыл - өркениет, ал мінез-құлық - мәдениет негізінде қалыптасатынына назар аударсақ, ұлттық пішін арқылы қауымға ортақ адамбасылық мазмұн берілері хақ [3].

Білім – ұғымдардың жиынтығы. Ал ұғымдар басқадан алынса, онда, ұғымдарды алған ұлттың өркениетін қабылдаймыз, өз ұлтымыз мәдениеті

жайына қалады. Ал ұлттың, Ұлт болып қалыптасуы тек өз мәдениетіне негізделеді. Бұл біріншіден – ұлттық ойлау жүйесін қалыптастырудың, екіншіден төл ұғымдарымызды ғылыми айналысқа енгізудің бірден-бір жолы болып табылады. Бұл жерде, шешуші мәселенің бірін, оқулықтар шешеді. Оқулық мазмұнын құруда, онда тек ғылым негіздерін, олардың заңдарымен заңдылықтарын оқып үйренетін әдістерін ғана түсіндіріп қоймай, әдістемелік негізде олардың тәрбиелік мақсаттағы материалдарымен қамтамасыз етуді қолға алу керек. Тағы бір ескерерлік жайт, оқулықтың алға қоятын төмендегі: үйретушілік; дамытушылық және тәрбиелік міндеттерін айқындап алу керек.

Қазіргі өркениеттік пайымдау (европалық), заттың сыртқы сипатына, формасына, қасиетіне қарап, дүниенің заттық өлшемін микрометрлік құрал арқылы өлшейтін болса, шығыстықтар (азиялықтар) заттың ішкі сипатына, ішкі мәніне көңіл бөлген. Бұл жәй пікір емес, мұның артында қоғамдық даму әлеуеті жатқанын ескеруіміз керек. Бұл әрбір пәннің мазмұнында орын алуы тиіс.

Мұны алға тартып отыруымыздың бірден-бір себебі, қазіргі жаһандану үрдісінің күш алып келетіні. Бұл үрдіс барысында, бірінші кезекте, әрбір ұлт өзінің, ұлттық мазмұны түгілі, сипатын сақтап қалу мәселесінің көтерілетінін жасыруға болмас. Бұл жағдай оқыту мазмұны мен оқыту үдерістеріне, ақпараттық оқыту технологиялары негізінде әзірден-ақ еніп келеді деуге болады. Себебі, біз әлі күнге, төл оқулықтарымыз түгілі, (электрондық оқу құралдарын жасау мұны тағы біршама уақытқа кері жылжытары анық) оқыту үдерісінің ұлттық мазмұнын әдістемелік тұрғыдан болса да өз деңгейінде шеше алмай келеміз. Ондай әдістемелік даярлық тіптен мұғалімдерді даярлайтын қазіргі жоғары оқу орындарында орын алмай отыр деуге болады. Себебі, жаппай университеттік білім беру үдерісінде мұндай жағдайларды қамту мүмкіндігі болмай отыр десекте болады. Бұл жерде, тағы да, арнайы педагогикалық институттар (университеттер) ашылды емеспе? – деген сұрақта алға шығары анық. Десекте, барлық жоғары оқу орындарының бір үлгідегі Болондық модельге көшуі соңғысының бірқатар нақтылы шешімдерді таңдауына алып келмей отыр.

Келесі мәселе, ұлттық оқу жүйесін қалыптастырамыз деп әлемдік деңгейде орыны бар оқулықтар орнына жаңа оқулықтарды ұсындық және оның кейбірінің ақыры бізге мәлім де.

Екіншіден, олардың мазмұндары, гуманитарлық пәндер бойынша, ұлттың төл оқулығы ретінде көріне алмады. Керісінше, жаратылыстану пәндері бойынша, мұндай қажеттілік қайдан туындап отыр, жаратылыстану құбылыстарын қазақы ұғыммен зерттегенде, есептегенде не өзгереді? Бәрібір сол Пифагор, Ньютон, Менделеев заңдары емес пе? – деген сұрақтар туындады.

Бұл ретте, оларға ұлттық сипат беру қажеттігі байқалып отырған жоқ – деген пікірлерде орын алып жатқаны бар. Мұндай пікірлердің негізі, біздің ойымызша, – осы күнгі ұлттық идея немесе ұлттық идеология, ұлттық білім мазмұны көбінесе ұлттық тәрбие беруге бағытталған – деген түсініктің орын алуында болса керек.

Білімнің мәйегі ретінде, барлық болашақ мамандық иелері, қазақтың төл мәдени, рухани қазыналарын дәріптейтін дәрістер беру керек. Жалпы, бұл жұмысты бүкіл білім жүйесінде балабақшадан университет бітіргенше рет-ретімен үзбей оқытатын тұтас жүйе жасап, оны пәрменді түрде іске асыру қажет. Бұл жүйеге Отан тарихынан бастап, фольклор, мәдениет пен ұлттық өнер, ұлттық спорт ойындары, ұлттық салт-дәстүрлер, ұлттық педагогика мен психология, ұлттық кәсіпкерлік пен шаруашылық үлгілері және т.б., толып жатқан қазақтың сана-сезімін қалыптастыратын пәндер мен тәрбие түрлері кіру керек.

Ол үшін біз төмендегі мәселелерді қолға алуымыз керек Бірінші:

а) бұл модельді іске асыру біртіндеп «Білім барлығы үшін» моделінен «Білім таңдау бойынша» моделіне көшу керек.

ә) екі мәселенің де ортақ шешімі ретінде, білім беру үдерісінің ұлттық моделін қалыптастырудың қазіргі әдіснамалық және әдістемелік негіздерін жасау қолға алынуы керек.

б) төл оқулықтар жағдайы қарастырылуы тиіс

Оқулық мәселесін қарастыруда: Оқулық жасауда нені басшылыққа алу керек; төл оқулық деген не; төл оқулық қандай болуы керек; төл оқулықтың басты белгілері қандай; қандай ұстанымдар мен критерийлерді басшылыққа алу керек; оқулық қалай бағалануы керек; қандай дидактикалық талаптарға жауап беруі керек; қандай әдістемелік талаптар орын алуы керек; мазмұны қалай құрылуы керек; оқулық сапасының көрсеткіштері нелер болуы керек.

Төл оқулығымыздың: ұлттық сындарлы (конструктивті) терминологияны қамтуын; халқымыздың рухани байлығы мен қазіргі замандық біліммен қаруландыру жағдайын; ұлттық идеология тұрғысында жазылуы(басқалар соның аудармасымен пайдаланулары) мәселесін ескеру керек.

Төл оқулық мазмұнында: ұғымдар мен терминдерді қалыптастыруда: материалдардың қарапайымдылығы; көркем де қызықтылығы; халық рухына үндестігі, әрі ықшамдығы; халықтың ділімен, әдеп үрдістерімен, салт-дәстүрлерімен үйлесімділігі ұстанымдары ескерілуі тиіс. Сонымен қатар, ең алдымен теориялық материалдардың оқыту мақсатына сай іріктеліну, білімдерді баяндауда өзіндік әдістемелік формасы, бірізділігі, тәрбиелік мақсаттылығы, пән маманға емес, белгілі бір дәрежеге дайындығы бар оқырманға арналуы, үш міндетті атқаруы (үйрету, дамыту және тәрбиелеу),

бағдарламадағы материалдар ғана емес, оқушы онымен өзбетінше жұмыс істей алатын, өз білімін бақылай алатын жүйеде болуы, оқып шығып, бұрынғы материалға сүйеніп, тапсырманының тастап кеткен тұстарын толтырып сұрақтарға жауап беру немесе бірнеше сұрақтар ішінен дұрыс жауабын табу тәртібіне байланысты нұсқау берілуі, бағдарламаға қатаң түрде сәйкес болуы, тек кейбір жағдайда ғана оқулық логикасынан туындайтын ауытқуларға ғана жол беру ескерілуі керек.

Төл оқулықты бағалауда: пәнді оқып үйренудің бағдарламада тұжырымдалған жалпы мақсатының көрініс тапқаны- таппағаны; пәннің тәрбиелік жағынан қаншалықты қамтылғаны; ғылымның практикамен байланысын көрсететін материалдардың бар- жоғы; бағдарламада санамалап көрсетілген материалдардың енген-енбегені; оқу материалын баяндаудың бірізділігі; белгіленген көлемнің сақталғаны-сақталмағаны; мазмұндық және әдістемелік тұтастықты білдіретін шарттардың бар- жоғы; оқушыларды жас ерекшеліктеріне сай тапқырлылығы және иланымдылығы; фактілік материалдардың әрбір параграфтарға дұрыс сұрыпталынуы; басқа пәндермен байланыстылығы (сол сынып тағы немесе мамандықтағы); сөздің құрамы, сөйлемдік құрылымы (сөздің тура немесе ауыспалы мағынада көбірек қолданылуы (жай, құрмалас, күрделі-аралас, құрмалас сөйлемдерді қолдану); стилі (баяндау, суреттеу, сипаттау тәсілдері, бейнелік, көркем айшықты сөздерді орынды қолдану); құбылыстар мен заңдылықтарды ашуда оның себеп- салдарларын түсіндіруі; ғылыми стильге жақын болуы; сөздік құрамы, синтаксистік құрылымға, жаңа сөздер саласы мен терминдік қолданымға, әр тақырыптың көлемі мен ондағы мәліметтер мөлшеріне мән берілуі ескерілуі керек.

Төл оқулықтардың әдістемелік аппаратына қойылатын талаптарда: әр параграф сабақта оқып үйренілетін материалдар көлемімен шамалас болуы, яғни мұғалім сабақ барысында түсіндіріп шығу сәйкестігі; оқушы үйде оқып келетіндей болуы; білімді белсенділікпен және берік меңгеруін қамтамасыз етуі; танымдық қызығушылығын дамытуы; өзбетінше жұмыс істеу дағдысының қалыптастыруына байланысты сұрақтар мен тапсырмалардың болуы; күрделі ой жұмыстарының ойластырылуы; практикалық жұмыстарда өтілген қағидаларға дәлел болатын жаңа фактілерді, мысалдарды таба білуі; өтілген материалдардың қолданбалылық жағы; оқу тілінің дәл, оның және бейнелі болуы ескерілуі керек.

Төл оқулықтардың мазмұнына қойылатын талаптарда: оқушылардың дайындық деңгейі; білімді қабылдауы; жас ерекшелік психологиясы; меңгеру мүмкіндігі; ойлау дәрежесі; сөздік қорына лайықтығы; басқа пәндермен (төмендегі, жоғарыдағы) сабақтастығы ескерілуі керек.

Оқулық – әр текті көптеген элементтерден тұратын күрделі конструкциялық құрылым болғандықтан оның сапасының көрсеткіштері болып: ішкі сыртқы көркемдік безендірілуі; құрылымдық -логикалық жүйесі; материалдардың ғылымилық, танымдық, тәрбиелік сапа- деңгейі; анықтама, теорема, заңдардың айқын тұжырымдалуы; деректер мен фактілер мөлшері мен мәнділігі; сұрақтар мен тапсырмалардың аз көптігі мен орындылығы; тіл шеберлігі мен стиль саралығы; сөздік құрылым, емлесі мен тыныс белгілері; суретті графикалық материалдары мен олардың мәтін мазмұнымен қабысуы; көрнекілігі; эстетикалық ролі; тірек ұғымдар мен түйінді ойлардың орынды ерекшеленуі табылады.

Біздің ең негізгі мақсатымыз ұлттың болашағы болғандықтан, іске асаратын әрекеттерімізде, білімнің ұлттық сипатын, рухани мазмұнын қамтамасыз етуіміз шарт.

Сөз жүзінде мұны мойындағанмен, оны іске асыратын нақтылы тетіктерді таба алмай отырған жайымыз бар екенін мойындауымыз керек. Осы тұрғыдан қарағанда, әлеуметтік-гуманитарлық білім, тіпті жаратылыстану білімдері де, ел мәдениетіне, өркениетіне негізделмесе, қатерлі сипат алатынын ескерте кеткен жөн. Бұл жерде, қазіргі педагогика оқытудың дидактикалық принциптертерін алға тартары хақ, өйткені, дидактикалық принциптер негізінен оқыту үдерісін жоспарлауға, құруға және талдауға бағыт, бағдар береді. Сондықтан, олар оқыту үдерісінің заңдылықтары болып саналады. Десекте, қай уақытта болғанда да, дидактикалық принциптерде, білім берудің таптық сипаттары да көрініс табатынына назар аударуға тұрарлық. Осы себепті дидактикалық принциптер, қатып қалған жүйе емес, олар ұдайы қозғалыста, дамуда және ғылымның даму деңгейімен, қоғамның талабына сәйкес түсіндірілуі керек. Білім, бірінші кезекте, мәдениетті қалыптастырушы рухани құндылық болуы керек. Міне осы тұрғыдан, барлық оның реформалық, стратегиялық бағыты қарастырылу қажет.

Жоғарыдағы мәселелердің толық қанды шешілуі әрбіріміздің осы мазмұндағы ғылымға қосар үлесімізге байланысты, десекте, бұл сала нақтылылықты және жоспалылықты қажет етеді. Сондықтанда, аталмыш бағыттағы, ғылыми зерттеу жұмысының қажеттілігі туындап отыр. Осы бағытта, халқымыздың өмір сүру қалпы ұстанымдары мен әлеуметтік нормаларын, білім беру мазмұнын мәдениет контексінде қалыптастырудың әдіснамалық негіздері ретінде зерттеу және анықтау қажет. Бұл мәселе, әсіресе, жаһандану кезеңінде рухани және материалдық мәдениеттердің унификациялануы барысында, әрбір халық өзінің қалпын, мәдени құндылықтарын, тілін, дәстүрін, салтын сақтап қалуда рухани қажетсінетін болады. Осыған байланысты, жастарға білім беру мен тәрбие үдерісінде, *біріншіден*, әлемдегі глобалды өзгерістерді ескеру; *екіншіден* халықтың

ұлттық, мәдени-тарихи және әлеуметтік экономикалық жағдайын терең зерттеу қажет. Бұл біздің таңдап алған мәселеміздің өзектілігін білдіреді. Өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу үдерісі барысында педагогикалық теория мен оның практикасында, басты міндет оқытудың ұлттық мазмұнын, оқушылардың дүниетанымын мәдениет контексінде қалыптастыру міндеті тұр. Осы ретте біздің жұмысымыздың жаңалығы - мәдениеттің орасан педагогикалық мүмкіндіктерін және оларды мәдениеттің функциональдық моделі тұрғысынан қарастыру, яғни оларды іс-әрекет тәсілдерін қамтамасыз етуші құрал ретінде пайдалану. Ғылыми зерттеу жұмысының әдіснамалық және әдістемелік тәсілдемесі мәдениетті оның функциональдық моделі тұрғысында қарастыру; тұлға теориясы; дүниетанымының философиялық, психологиялық және педагогикалық теориялары; жалпы адамзаттың және ұлттық теориялардың өзара байланысы; мәдениетті қабылдау теориялары; оқытудың заманауи ізгіліктік тұжырымдары; білім берудің мемлекеттік саясаты арқылы қамтамасыз етілуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»// Оңтүстік Қазақстан газеті, № 60. 12 сәуір 2017 ж.
2. Пошаев Д.Қ. Болашақ мұғалімдердің ақпараттық мәдениеті: қалыптастыру теориясы, әдіснамасы және практикасы. Монография, Шымкент, - «Оңтүстік Полиграфия» баспа үйі, 2014 – 187 б.
3. Пошаев Д.Қ. Мамандыққа кіріспе .Оқу құралы, Шымкент, Нұрлыбейне, 2010,- 2006 .
4. Akeshova M., Poshaev D., Aripzhan G., Duisebaeva G //Didactic basics of forming future teachers professional culture Volume. 64, Issue. 5. of JOKULL journal(ISSN: 0449-0576), ICELAD, IS-125. May 2014- PP.313-323.
5. Құсайынов А.А. Заман талабы. Астана, «ЕЛОРДА» 2001, - 264 б
6. Пошаев Д.Қ., Кожамкулова А.. Культура- как дидактическая основа обучения// Научный мир Казахстана № 1, 2012 -С.169-171.

ПОШАЕВ Д.Қ., АХТАНОВА С.К. НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБУЧЕНИЯ В КОНТЕКСТЕ КУЛЬТУРЫ

В статье исследуется одна из главных задач, стоящих на современном этапе перед педагогической теорией и практикой. Авторами определена и описана совокупность социальных норм и принципов жизнедеятельности народа: охарактеризованы методологические основы формирования содержания обучения в контексте культуры.

Ключевые слова. *Содержание обучения в контексте культуры, модель национального обучения, функциональная модель культуры, национальное мировоззрения, основ культуры в содержаниях и процессах обучения.*

POSHAYEV D. Q., AKHTANOVA S.K. SCIENTIFICALLY-METHODICAL BASES OF FORMATION OF THE MAINTENANCE OF TRAINING IN A CULTURE CONTEXT

This article considers one of the main tasks facing at the present stage the pedagogical theory and practice of researching and determining a set of social norms and principles of people's livelihoods, to justify them as methodological bases of formation of the maintenance of training in a cultural context.

Keywords. *The maintenance of training in a cultural context, model of national training, functional model of culture, national outlook, cultural bases in the maintenance and processes of the training.*

ӘОЖ 796.8

ДЕНЕ САПАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ШЕГЕНБАЕВ Н.Б., БАЙДОСОВА А.А., СЕРАЛИЕВА Ұ.О.

Мақалада агзаның өсу ерекшеліктері ұлдар мен қыздар арасындағы нақты айырмашылықтар, өсу кезеңдеріне байланысты жаттығу жүктемелерінің көлемі, қай кезеңдерде белсенді даму, қай кезеңде тұрақты түрде болатындығын, дәл анықтау жағы қарастырылған.

Кілт сөздер: *Өсу, даму, қыздар, ұлдар, ұзындық өлшемдері, дене диаметрі.*

Көп жылдық спорттық дайындық барысында таңдаулы бағыттағы жүктеме қолданылады, ол күштің, шапшаңдық пен төзімділіктің, ептілік пен иілгіштіктің көрсеткіштерін арттыруға көмектеседі.

Балалар мен жасөспірімдер дамуының жас ерекшеліктерінің барлық сатыларындағы жаттықтыру жүктемесінің шамасы таңдау дене қабілеттерінің жас ерекшеліктерінің даму заңдылықтарымен анықталады. Белгілі бір жастағы қандай – да бір қабілеттің дамуының жоғары деңгейі мен ырғағы

оған ықпал ету құралдарының артуына негіз болып табылады. Бұндай амалдың тиімділігінің жоғары деңгейі іс-тәжірибеде дәлелденді. Әрине, іріктелген және жалпы жаттықтыру жүктемелері ағзаның қуат шығынымен байланысты болады.

Өскелең ағзаның жас ерекшеліктері дамуында оның қуаты артып, тіпті шектен асатын кезеңдері де болады. Қуат ішкі қажеттіліктерге жұмсалатын (өсуі, жаңа жүйе қалыптасуы, т.б.) кезеңдер де болады. Бұл кезеңдер балалар мен жасөспірімдер дене дайындығындағы жалпы жаттықтыру жүктемесінің көлемін жоспарлау негізі болады [1].

Сонымен, нақты педагогикалық жаттықтыру ықпалдарының барлық стратегиясы балалар мен жасөспірімдер дамуы мен өсуінің биологиялық заңдылықтарын білуге сүйенеді. Осы факторлардың бірлігі мен өзара әрекеті арқылы ғана өскелең ұрпақтың спорттық дайындығы мен олардың денсаулығы мен жұмыс қабілетін нығайтуда табысқа жетуге болады.

Жаттықтыру жүктемелерінің жалпы көлемін жасына қарай кезеңге бөлу негіздері.

Жаттықтыру ықпалдарының құрамдас бөліктерінің бірі жаттықтыру жүктемесінің көлемі болып табылады, оның мазмұнына дене жаттығуларын орындау көлемі мен қарқыны кіреді.

Жаттықтыру жүктемесінің жалпы көлемінің қорытынды көрсеткіші ағзаның оны орындауда жұмсалған қуат шығыны болады.

Өсу – бұл ең алдымен ағзаның белсенді бөлігінің салмағының артуы, онда еркін қуат саны артады. Ол өсуді қызметтік белсенділікті бейнелейтін шектен тыс анаболизмді яғни катаболизмді құру процесі ретінде қарастырады, онда ішкі және сыртқы қуат саны артады. Осы бой өсу анықтамасына сәйкес «қаңқа бұлшық еттерінің ережесі» қалыптасқан. Оның мәні тірі жүйенің қимыл белсенділігі оны көрсететін себептеріне қарамастан қызметтік шектен тыс анаболизм факторы бола алатынынан көрінеді. Бұл өсудің тірі жүйесінің белсенділігінің табиғи себептері мен оның элементтері болып табылады деп есептеуге мүмкіндік береді. Белсенділік жүйені бастапқы жағдайға оралтып қана қоймай, оны шектен асыра қалпына келтіреді.

Жас ерекшеліктерін дамытудың белгілі бір сатыларында біз балалар мен жасөспірімдердің қимыл белсенділігінде көрінетін шектен тыс қуатты байқаймыз. Егер ағзада шектен тыс қуат туындаған кезең болса, онда қуат жетіспейтін кезеңдердің болатынын байқауға болады. Ал кез-келген жүктеме ең алдымен қуат шығыны болып табылатындықтан оның көлемі ағзаның жас ерекшеліктері мүмкіндіктеріне қатаң сәйкес келуі тиіс[2].

Бұдан мынадай қорытынды шығады. Ағзаның қуат мүмкіндігіне жаттықтыру жүктемесінің сәйкес келуі жаттықтыру ықпалдары көлемін

таңдаудың негізгі принципі болып табылады. Бұл көлем кезеңіне сай өзгеріп отырады: қуат тасығанда артып, сол арқылы қуат әлеуетін құруға көмектеседі, ал өскелең ағзаның қуат әлеуеті төмендесе жүктеме көлемі де төмендейді.

Ағзаның дамуы мен өсу кезеңдері бүтін жүйе ретінде оның құрамдас бөліктерінің даму сипатында да байқалады. Осы мәселені зерттегенде ең алдымен негізгі ережелерінің бірі жүйегенезі тұжырымдамасы болып табылатын қызметтік жүйе ілімінің мазмұнына назар салу қажет. Осы тұжырымдамаға сәйкес жүйегенезі – бұл ағзаның соның ішінде адамның жеке дамуының жекелеген құрамдас бөліктері мен қызметтік жүйесінің бірізді және іріктеліп жетілуін бейнелейтін заңдылық.

Жас ерекшеліктері дамуын аталған тұжырымдама тарапынан қарастыра отырып, сенімді түрде әрбір жас кезеңінде, әрбір жаста гетерохрондылық байқалатыны туралы тұжырым жасауға болады. Ағза өсу қуатын өзі реттеп, сол арқылы белгілі бір қабілеттің белгілі бір онтогенез кезеңінде дамуына күш береді. Гетерохрондылық дене қабілетімен қатар ағзаның басқа да жүйелерінің дамуында байқалады.

Мысалы, бірінші жыл қатарынан дененің жеке ұзындығын зерттегенде осы белгілердің қай кезеңдерде белсенді дамуда қай кезеңде тұрақты түрде болатынын, дәл анықтауға болады. Қыздарда бойдың тез өсуі 11 жастан соң, ал ұлдарда 11, 14 және 17 жаста байқалады. Ұлдардағы дене салмағы жыл сайын белсендірек артып, ырғақты өзгерсе, қыздарда әрбір екінші жылдан үшінші жылға қарай өзгереді.

